

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдары бойынша
4 курс студенті

Серікбаева Жадыра Кеңесбаевнаның

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: Ғабит Мүсірепов – сөз зергері

Ғылыми жетекші:

доц. А.Оразымбетов

Нөкіс-2015 ж.

Қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті

деканы: _____ ф.ғ.к. доц. Д. Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі: _____ доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші: _____ доц. А.Оразымбетов.

Серікбаева Жадыраның «Ғабит Мүсірепов – сөз зергері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «_____» (_____%) қойылсын.

МАК бастығы: _____

МАК бастығы орынбасары: _____

МАК мүшелері: _____

Комиссия хаткері: _____

_____ 2015 ж

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....4-5

Кіріспе.....6-8

I ТАРАУ

Ғабит Мүсірепов – әңгіме шебері.....9-27

II ТАРАУ

Ғабит Мүсірепов туындыларындағы сыршыл шеберлік28-53

III ТАРАУ

«Ананың анасы» әңгімесі туралы.....54-60

Қорытынды.....61-64

Пайдаланғын әдебиеттер.....65

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың актуальдығы: Қазақ әдебиетінің кеңес дәуірінде әдебиет майданына кіріп келген Ғабит Мүсірепов қазақ прозасының өсіп-қалыптасуына Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезовтермен бірге атсалысып, іргетасын қалысқан көрнекті жазушыларымыздың бірі. Әсіресе жазушының шебер суреткерлік талантын танытатын әңгімелері әдебиетіміздің маржан қорынан орын алған классикалық үлгідегі шығармалар екені даусыз. Осы проза саладағы жазушының әңгіме, повестері мен романдарындағы Ғабит Мүсіреповтің суреткерлік шеберлігін танытуға ниеттеніп мамандық жұмысының тақырыбы етіп алған болатынбыз. Ғабит Мүсірепов шығармаларының мектеп бағдарламасынан орын алғанын есепке алып оны методикалық жақтан да қарастырмақпы. Сондықтан біздің бұл жұмысымыз болашақ ұстаздарға септігін тигізетін пайдалы жұмыс екенін түсінуге болады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттер: Бітіру мамандық жұмысымыздың басты мақсаты - Ғабит Мүсіреповтің қазақтың тамаша бай әдеби тілін орынды пайдаланудағы шеберлігін таныту, кейбір әңгімелерін мектепте оқытуда тиімді әдістерден пайдаланудың жолдары көрсету және методикалық жақтан баға беру жұмысымыздың негізгі нысанасы болмақ.

Зерттеу методикасы, әдістері: Мамандық жұмысын жазу барысында біз тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, Ғабит Мүсірепов шығармаларының көркемдігін зерттеуде негізінен ғылыми зерттеу методикасын пайдаландық. Ғабиттің көптеген шығармасы тәлім - тәрбиелік, педагогикалық, психологиялық маңызға ие туындыларның бірі оның аналар туралы жазылған циклдік новеллалары екенін сөз

жүзінде дәлелдеп, жазушының оқушы психологиясын, тыңдаушы санасына сай келетін поэмаларының мазмұнын анализдеу әдісін қолданып, көркемдігін ашу зерттеуіміздің негізгі әдісі болып табылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Көзі тірісінде-ақ зерттеліп, өзінің ғылыми бағасын алуға қол жеткізген Ғабит Мүсірепов прозасының көркемдігі туралы зерделі пікір айту әлі күнге дейін толастай қоймаған тақырып. Дегенмен тәуелсіздіктен кейінгі жылдарда да Ғабит туралы тың зерттеулер жүргізіліп, ғылыми тұжырымды ой көп айтылмақта. Сол пікірлерді басшылыққа алып жаңаша тұжырымдар айту біз үшін үлкен жаңалық.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Ғабит Мүсіреповтің мектеп бағдарламасынан орын алған «Ананың анасы» әңгісесі туралы айтылған пікірлер мен методикалық ұсыныс-тілектерді ертеңгі болашақ ұстаздар өз практикасында пайдалана алса зор маңызға ие болар еді.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе бөлім, қорытынды және пайдаланатын әдебиеттер тізімінен өзге негізгі бөлімнің үлкен үш тарауынан тұрады. Жұмыс қажетті әдебиеттерге сүйене отырып, ізбе-ізділікпен жазылды. Пайдаланған әдебиеттердің библиографиясы жасалып, зерттеушілердің айтқан пікірлері мен ғылыми тұжырымдарына сілтеме беріліп барылды.

Ғылыми басшы: _____ ОРАЗЫМБЕТОВ А.

Студент: _____ СЕРІКБАЕВА Ж.

КІРІСПЕ

«Адамның жүрегіне барар жол ең алдымен тәлім – тәрбиеден басталады» [1- 36]-деп Президентіміз И. А. Каримовтың айтқандай Ғабит Мүсірепов бүкіл творчествосы арқылы адам жүрегіне жол табарлық шебер суреттелген шығармаларымен із қалдытқан талант иесі. Аналар туралы циклді новеллалары мен «Этнографиялық әңгіме», «Талпақ танау» әңгімелері қазақ прозасының классикалық үлгілерінен есептеледі. Жазушының романдары мен повестері өз алдына ерекшеленетін шынайы шеберлікпен кестеленген көркем туындылар. Ғабеннің «Этнографиялық әңгімесі» дүние жүзі әдебиетінің маржан туындылары энциклопедиясына Мұханның «Абай жолымен» бірге енген шығармасы болып есептеледі. Осының өзі жазушының шеберлік деңгейінің асқақтығын айғақтататын зор табыс.

Ғ. Мүсірепов ең алғашқы шығармаларын төңкерістік өмір шындығын суреттеуден бастап, қазақ әдебиетінің орталық тақырыбына айналған төңкеріс жемісі, азамат соғысы дәуірі, тап тартысы тақырыбына кеп аялдаған. Сол кездері шындығында да көркем әдебиетте төңкерістік күрес оқиғаларын, жаңа дүние орнатушылардың қаһармандық бейнесін суреттеу әдебиет алдындағы үлкен творчестволық міндет еді. Халықты жаңа идеялар рухында тәрбиелеу, тап тартысы, еңбекшілердің билеушілерге қарсы күресі деген мәселелердің бәрі де әдебиетте бейнелену керектігі туды. Басқа жазушылар секілді, Ғ Мүсірепов те төңкеріс толқыны тіршілік енгізген ел өмірін молынан суреттеуге ден қойды.

Ғ. Мүсіреповтің творчестволық ізденуінің ең бір жемісті

қадамы оның әңгіме, новеллаларынан көрінеді. Бұл жолда Ғ. Мүсірепов басқалардың ізін қуаламай, өз соқпағын табуға талаптанған. Әсіресе, оның ұстаз тұтып, үлгі алғаны - орыстың озық әдебиеті. Жазушының алғашқы әңгімелері тақырыптық жағынан алуан бола тұрса да жазылу мәнері, тәсілі тұрғысынан көптеген ұқсастықты танытады. Мұны, әсіресе, оның «Ана туралы әңгімелерінен» анық байқаймыз.

Әрқашан өмірдің алғы шебінде жүруді, әрқашан адам тағдырына, қоғам тағдырына етене араласуды өзінің азаматтықта, суреткерлік те парызы тұтынған Ғабит Мүсірепов - ер ана, еңбекшіл, жасампаз ана тұлғасын жасау, сөйтіп, бүгінгі жаңа сипатты қазақ әйелдерінің, ананың бейнесін барлық қырымен, жан сырымен көрсетуді тақырып өзегінен түсірмей өтті.

Ғабит Мүсірепов үздіксіз іздену, өсу жолындағы жазушы. Оның тек көркемдік шеберлікке жетілуі ғана емес, сонымен бірге бірте-бірте шығармада алған оқиғаларының масштабы кеңейіп, тарихи қоғамдық мәні тереңдей түскенін прозалық шығармаларымен қатар, пьесаларынан да анық көруге болады. Жазушылық жолын прозадан бастап, әңгіме жазуды едәуір меңгеріп, шеберлікке жеткен Ғабит отызыншы жылдардың орта кезінде драматургия жанрына келді. Оның осы жолдағы алғашқы сәтті еңбегі «Қыз Жібек» музыкалы драмасы (кейін ол опера либреттосына айналды). «Қыз-Жібек» музыкалы драмасы — қазақ халқының аса бір қадірлі мұрасы, көркем тілді ғашықтық жырының желісімен жазылған. Жазушы пьесада белгілі жыр

желісінен шығып кетпегенмен дастанның Жүсіпбек Шайхисламов вариантындағы әмеңгерлік сарынды алып тастап, махаббат бостандығы, гуманистік жағын тереңдете түсті. «Қыз Жібек» музыкалы драмасынан кейін Ғабит Мүсрепов драматургияның эпикалық жанрына мықтап бет бұрып, бұл жанрды еркін игеріп, шеберлігін жетілдіре түседі. Халық тарихында елдің рухани өмірінде елеулі із қалдырған үлкен келелі тақырыптарға барады. 1936 жылы драматург қазақ тарихындағы зор орны бар - 1916 жыл көтерілісі, азамат соғысы дәуірінен - халық батыры Аманкелді туралы пьеса жазады. Ғабит Мүсрепов 1939 жылы «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» трагедиясын, 1941 жылы «Ақан сері - Ақтоқты» драмасын жазды.

Алғашқы бірнеше шырағмасын очерк, әңгіме үлгісінде жазған Ғ. Мүсрепов бірте-бірте әдебиеттің үлкен жанрына - повестерге де қол арта бастайды. Шағын жанрдан эпикалық жанрға көшудің тәжірибесі – «Тулаған толқында», «Ұлпан» т.б. повестері болып табылады. Бұлардың әрқайсысының идеялық, көркемдік дәрежесі әр турлі. Осындай творчестволық ізденудің үстінде жазушының суреткерлік тәжірибесі бірте-бірте толыса, кемелдене түскен.

I ТАРАУ

Ғабит Мүсірепов – әңгіме шебері

Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде орыс әдебиетінің айрықша ұстаздың рөл атқарғандығы белгілі. Жазушыларымыз орыс классиктерінен өмір оқиғаларын төңкерістің дамуы үстінде суреттеуді, күрескер адамның бейнесін жасауды үйреніп қана қоймай, кей жағдайда олармен тікелей тақырыптас, үндес шығармалар да жазды. Соның бір мысалы Ғ. Мүсіреповтің «Ана туралы әңгімелер» циклі. Мұның орыс әдебиетінің биік тұлғасы А. М. Горькийдің анық ықпалымен жазылғандығы айқын. Әлем әдебиетінде тұңғыш рет күрескер, өршіл, оптимист ананың образы М. Горький шығармаларында жасалып еді. Ол өмірден жабыққан, тарыққан, жасып қалған аналарды емес, өз бақыты үшін, өз азаттығы үшін күресе білетін ер аналардың іс-әрекетін жырлаған. Міне, Горькийдің осы өнегесі Ғ. Мүсіреповтің әңгімелерінен де анық көрінеді.

Ана туралы новеллалар шоғыры алғаш рет 1934 жылы «Ана» атты кітапта топталып берілді. Онда «Адамның анасы», «Өлімді жеңген ана», «Ананың анасы», «Ашынған ана», «Ананың арашасы» новеллалары бар. Алғашқы екі новелла Горькийдің ізімен жазыла тұрса да, көп жағынан қазақ әдебиетінің өз туындысындай болып шыққан. Кейінгі жылдарда Ғ. Мүсірепов ана туралы новеллаларына қайта оралып, оған тын шығармалар қосып отырды. Мәселен, соғыс кезінде «Ер ана», «Ақлима» тәрізді новеллаларын жариялады. Ана бейнесі қазақ әдебиетінде

көптен бар үлгі. Дегенмен, ананың ұлылық сипатын жүйелеп жазған, жан- жақты бейнелеген суреткер Ғ. Мүсірепов болып табылады.

Ана туралы тақырыпқа баруы М. Горькийдің әсерімен болғандығын автордың өзі былай деп мәлімдеген: «Горькийдің тақырыбын, жазу әдісін ұғынам деп талаптанғанымда ұшы-қиыры жоқ кең байлықтың ішіндегі ең бір негізгі саласы - күшті адам екен деген қорытындыға келдім... Құлақта ертеден бір әңгімелер жүретін еді. Горькийдің «Аналарын» қайта бір оқығанда, сол әңгімелерім тіріле бастады. Көп ойланбастан-ақ Горькийдің аналарында да, өзімде де бар әңгімелерді де қағазға түсірдім».

Ана туралы новеллалар тақырыптық жағынан ұқсастығының үстіне идеялық бағыты, пафосы жағынан да бірін-бірі толықтырып отырады. Олардағы ортақ типтің кейіпкер-шындық үшін, әділет үшін өмірдің не бір қиындығына да қарсы тұрып, кедергілерді жеңе білетін, әлемге өмір тарататын, сол өмір үшін өліммен айқасатын, қауіптің алдында қорқып иілмейтін, өзінің ұлылығын сезінетін, әрі мейірбан, әрі айбатты күрескер, өршіл, өжет ананың образы. Осы образ қазақ әдебиетіне өзінің үлкен сонылығын, жаңа сипатын, әсерлі күшін алып келген. Ғ. Мүсіреповтің новеллаларындағы Қапия, Нағима, Наталья, Ақлима секілді аналар өздерінің тәлім-тәрбиелік қуаты мен ерлігі жағынан үлкен күрескер адамдармен бара-бар тұрады. Ғ. Мүсіреповтің әңгімелері мен новеллаларында, очерктерінде жасалған адамдар бейнесін аналардың өшпес тұлғалары байыта

түседі.

Алайда, тақырыптық ұқсастық пен идеялық үндестігін біріктірген осы новеллалардың жазылу тәсілдері мен мәнерлері түрлі- түрлі. «Ананың анасы» деп аталған новеллада автор есте жоқ ескі заманның, жаугершілік дәуірлердің бір қатал оқиғасын қайта жаңғыртып баяндаған. Бір елді бір елдің шауып алуы, шекарасын бұзып, халқын, мал-мүлкін талауы үздіксіз жүріп тұрған сол бір қатал заманда да әйелдің ұлылығына бас иген адамдар болғандығын айтқысы келген. Жазықсыз елді шауып, жас қызды тұтқынға алып бара жатқан озбыр жаулаушыларды қыздың анасы дәлелді сөзбен тоқтатып, даналықпен жеңеді.

Ертеде кімді-кім жауламаған, кімге-кім зәбір көрсетпеген. Оның бәрі бірдей көркем әдебиет кестесіне лайық келе бермес. Аңыздан біз талай-талай дана қарияның да, тапқыр баланың да әңгімелерін естігенбіз. Соның бірі-әлгі айтқан, тұтқындалып кетіп бара жатқан қызды алып қалған ананың әңгімесі. Ал осы қарапайым әңгіме осыншалық үлкен идеялық көркемдік мазмұнға қалайша ие болды? Мұның себебі реализм әдісінің табиғатынан, жазушының шеберлігінен, романтикалық дүниетанымынан іздеу керек.

Өткен ғасырдың 30-жылдарында қазақ әдебиеті жаппай өрлеу, көркею жолын кешті. Жазушылар өткен өмірдің де, өз заманының да оқиғаларын бейнелеу үстінде бәрінен бұрын бір мәселеге айрықша көңіл бөлді. Бұрыннан бекіп қалған ескі салт-сананы, көне әдет-ғұрыпты кім бұзса, зорлыққа, қорлыққа кім кенбесе, халықты, кепшілікті кім қадірлей білсе, өз намысын, ел намысын

кім қорғай білсе-соның бәрі әдебиетіміздің қалаулы қаһарманына айналды. Аңыздағы аналарды Ғ. Мүсіреповтің құрметтейтіні - сол аналардың өжеттігі, адамшылық үшін күрестері, жоғары саналылығы. Бұлар жазушы үшін әйел теңдігіне әлі де болса немқұрайды қараушылықтан арылып болмаған кезде аса қажет, жаңа заманның әсері бар мәселелер еді.

Қорлыққа көнген, қасірет шеккен әйелдердің шерлі күйін ертеде қай жазушы жазбап еді? Бірақ жаңа заман жазушысына керегі - ондай зарыққан, қамыққандары емес, өмірдің әділетсіздігіне қарсы күресе білетін, жаңа тұрмыс құруға мінезімен, ісімен, өршілдігімен септесе білетін әйелдер. Ана туралы әңгімелердің дүниеге келуі - замана талаптарына байланысты. Әдебиеттің өмір қажегіннен туатындыры, оның әрдайым белгілі тенденцияларға қызмет ететіндігі осыдан да айқын көрінсе керек.

«Ашынған ана» новелласы 1916 жылдың оқиғасына байланысты бір эпизодты суреттеуге арналған. 16 жыл әкелген қасірет Қалия ананың да иығына батқан. Оның жан дегенде жалғыз ұлы қара жұмысқа алынатын болады. Содан Қалия барлық айла-амалды, әрекетті қолданып, қалай да баласын аман алып қалуды көздейді. Осы жолда көп азаптар шегеді. Қатты бұлқынған ашу үстінде болысқа және оның қасындағыларға қарсы пышақ та жұмсайды. Көп уақыт абақтыда қамалып жатады. Бірақ ешқандай күш оның жігерін жасыта алмайды. Міне, балаға деген сүйіспеншілік, зорлыққа қарсы өшпенділік қарапайым ананы орасан ерліктерге алып барған.

Бұл әңгімеде үстем тап өкілдерінің зорлықшыл кескіндері де анық суреттеледі. Солардың бірі - Алтыбас. Ол әңгімеде азулы, кара күштің иесі болып көршеді. Есігінде көптен қызмет еткен, малын бағып, күлін шығарып жүрген Қапия жесір әйелдің баласының тапқан ақысын да түгел бермейді. Қайта ақысын сұрағандығы үшін ашуланып, жас баланы солдатқа жаздырады. Баласы үшін ара түсіп жалынған Қапияны мазақ етеді. Алтыбастың бойына үстем тапқа тән қатал, қайырымсыз мінездер жинақталып берілген. Новелланың соңында келтірілген мына сөздер шығарманың идеялық мұратын белгілейді. «Өмір өзін сіліккен қазір бұл сондай орасан күшті, енді өмірді өзі сілкіп қалура жараған ана».

Ғ. Мүсіреповтің ана тақырыбына жазған новеллаларының бірі- «Ананың арашасы». Мұнда ол әйел ерлігін тағы да бір қырынан көрсетеді.

Отан соғысы кезінде жазылған екі новелла ана туралы циклдің тікелей жалғасы. «Ер ана», «Ақлима» новеллалары соғыс өмірінің бір-бір көрінктерінен сыр ашады. Мұндағы аналар жазушының бұрынғы әңгімелеріндегі Қапияға немесе Нағимаға әрі ұқсас та, әрі олардан бөлек те. Бұларды жақындастыратын нәрсе-тағы да ананың күрескер биік тұлғасы. Ал бөлек болатын себебі - айтылып отырған оқиға да, уақыт та өзгеше. «Ақлима» атты новеллада жазушы кешегі Отан соғысының халықтың есінен шықпастай ауыр зардаптарын көркемдікпен бейнелей алған. Әскерден балам келеді, баламнан хабар келеді деп үмітін үзбей ұдайы күткен Ақлима апайдың тағдырында жүрек терберлік астар

бар. Ананың қиыншылыққа шыдамдылығы деген, таршылыққа тезімділігі деген, балаға деген махаббаты қандай зор болса, оның сол балаға деген үмітінен айрылып қалу қасіреті де зор трагедия ғой. Жазушы қарапайым ана-Ақлиманың балаға деген мәңгі ешпес сүйіспеншілігін, өміршең, мұқалмас үмітін үлкен суреткерлікпен көрсете алған.

Ал екінші, «Ер ана» новелласында майдан шебінің оқиғалары сөз болады. Мұнда Наталья деген әйелдің басқыншы жауларға тізе бүкпей, үлкен патриоттық, ерлік, өжеттік көрсеткені айтылады. Натальяның бойындағы отаншылдық пен жоғары азаматтық сезім бірден пайда болған емес. Отанды сүю - оның, өмір бойы бойына сіңірген жақсы қасиеті, жанының байлығы. Бірде ол:

«Е, мен бір түк көрмеген меңіреу ме едім сонша? Он сегізінші жылы талай көпірді өзім де қиратысқанмын. Ол сендер ғана білетін өнер емес шығар?» дейді партизандарға. Фашистердің кеңес адамдарына қастерлі, қасиетті саналатын ескерткіштерді қирата бастағаны қарапайым ана Натальяға қатты әсер етті. Натальяның жауларға деген ыза-кегі қозатын себептері толып жатыр. Немістер күйеуінің бейтнің басына қойған ескерткішін де бүлдіріп кетіпті. Ондай жаумен ешбір мәмлеге келуге болмайтынын, дұшпанды неғұрлым көп қирату - әрбір патриоттың парызы екенін Наталья жақсы түсінеді. Оның ашуы бүкіл халықтың ашу-ызасымен үндесіп, қаһарлы күшке айналады.

Ана туралы новеллалардың тілдік кестесі де әдебиетіміздің алтын қорына қосыларлық кемел көркемдікті танытады. Мұнда

неше алуан тапқыр, шешен сөз айшықтарын кездестіруге болады. Әдебиеттің негізгі материалы тіл десек, сол байлықты суреткер еркін меңгерген.

М. Горький айтқандай, тілдің небір асылы мен ақығы халықта жатады. Соны уақтылы іздеп, ерінбей екшеп таба білген суреткерлер ғана табысқа жетпек. Халықтың тіл байлығын жете меңгеру жөнінде Ғ. Мүсірепов творчествосы көптеген қаламгерлерімізге өнеге бола алады. Бірнеше мысалдар келтірелік.

«Мен мына қыздың шешесімін. Қызым қазір он бесте. Дәл қызымның жасында өзім де сергелдеңге ұшырап едім. Соның суық, ызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ».

«Тең теңімен деп, он бес жыл отасқан байым еді, сүйегін жолда көрдім. Білектің күшін, найзаның ұшын не күші теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсыңдар. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сорлы емес пе еді, оның құнын қалай өтейсіңдер? Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасыддар, бұларың не ерлік, не әділдікке жанаспайды. Ең мықтағанда еліңе бір күң апарып қосарсыңдар. Қызым сендерге барса, не күң болады, өзіммен қалса тым болмағанда өз етегімде еркін еркелейді. Сондықтан қызымды алып қайтамын» («Ананың анасы»).

Ғ. Мүсірепов кейіпкерлерінің сөздеріне мейлінше шындық, жатықтық сипат беру үшін халықтың ауызекі айтатын әңгімелерінің үлгісін шебер пайдалана білген. Ертегінің, аңыз әңгіменің жүйесіндей болып келген кейбір оралымдар реалистік

сипатталған. Мәселен, «сонымен сақадай сайланған қырық жігіт маңдайды батысқа қойып, төскейді үзеңгіге ала тартып жөнелді. «Жалпақ жауырыны қақпақтай, жұдырығы тоқпақтай, сыртынан қарағанда құйған пештей болып, оқ бойы алдымызда отырады; астында сары қасқа аты бар, шекіп тастап, оқтаудай ойнап, киіктей орғып келеді» («Ананың анасы»).

«Ашынған анада», Нағима апаның айтқандарының өзінен-ақ оның байларға деген өшпенділігін көруге болады. («Оңбаған неменің көзі иттің көзіндей болып тұр», «Байдың баласы бөрінің бөлтірігіндей келетін әдеті ғой»).

Ғабен қайбір шырармасында болмасын детальды шебер пайдалана білетін суреткер. Мәселен, мына бір табиғат құбылысын алайық. «Салпы етек, жылауық күз емес, гуілдеген желді күз еді. Түндік біткен шаңырақты сабалап, қараша үйлер тозығы жеткендігін айтып, зар қақсап, сықыр-сықыр етеді. Бұрқырап түсе бастаған күзгі сары ала жапырақ ауыл қотанында жындай ойнақтайды» («Ананың арашасы»). Осыдан кейін онша көңілді оқиға айтылмайтындығын оқушы іштей бағдарлайды.

Барлық уақыт өмірдің алғы шебінде жүруді, әр дайым адам тағдырына, қоғам тағдырына етене араласуды өзінің азаматтықта, суреткерлік те парызы деп білген Ғабит Мүсірепов - батыр әрі жасампаз, еңбекшіл ана тұлғасын жасау, сөйтіп, бүгінгі жаңа замандағы қазақ әйелдерінің, ананың бейнесін әр қырымен, жан сырымен көрсетуді тақырып өзегінен түсірген емес. Мұның тағы бір мысалы — «Айгүл қойшының бір күні» мен «Әмина» әңгімелері. Біз бұларды да жазушының ана туралы әңгімелерінің

жалғасы, жаңа ана, бүгінгі еңбек майданындағы жаңа сипатты күрескер әйел туралы, бүгінгі тәуелсіздік тұғырын үлгі тұтар әйелдер бейнесі деп қарасақ артықтық болмас.

Сондай-ақ жазушының ауыл өмірін суреттеген шығармаларының ішінде «Талпақ танау» (1934) әңгімесі ерекше орын алады. Идеялық, тақырыптық тұтастығы, өмірлік материал мен мінездердің қабысып келуі, авторлық идеясының биіктігі жағынан бұл әңгіме тек Ғ.Мүсіреповтің ғана емес, өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ әдебиетінің де елеулі туындыларының бірі. Сырт қарағанда оқиғаға онша бай емес осы әңгіменің терең астары бар. Адамдар санасындағы ескі түсініктердің жаңа қоғамдық, қатынастардың әсерімен бірте-бірте өзгеретіндігін «Талпақ танау» әңгімесінен жақсы аңғарамыз. Қазақ колхозына шошқа түлігінің келуі, оны жұрттың көп уақытқа дейін тосырқап, іштей қабыл алмауы, ақырында шошқаның пайдалылығын түсіне бастауы өте нанымды және қызғылықты баяндалған. Бұл арада да жазушы ерекше түйін, оқиғалар іздейтін өзінің дағдысынан айнымаған. Қазақ колхозына шошқа түлігін әкелу сол жердегі, сол кездегі адамдардың мінез-кұлқын ашпай қоймайтындай аса мәнді түйін болып шыққан. «Жаңа жол» колхозына ауданнан бөлінген шошқалар әкелінгенде, ауыл адамдары төмендегіше мысқыл сөздер айтады.

- *Мүмкін мал шығар...*

- *Орыстар мал деп асырайды зой әйтеуір...*

— *Аузы малға ұқсамайды-ақ...*

— *Жоқ, тұяғы айыр, қойға ұқсайды.*

- *Тек қойға теңемеші кәпірді...*
- *Үні жаман болатыны - мойны қысқа...*
- *Кеңсірігі де келісіп тұрған жоқ. Үн кеңсіріктен келеді ғой.*

Осы диалогтардан-ақ адамдардың санасындағы ескі көзқарас өте әдемі айқындалып шыққан. Жазушы авторлық суреттеулермен, кейіпкерлерді мінездеулермен олардың бойындағы психологиялық өзгерістерді ұтымды көрсетеді. Ақыр аяғында жаңалықтың ескіні жеңгенін көреміз. Қазақ адамдары алғашқыда тосырқаған шошқаға бірте-бірте үйреніп, пайдалылығына көңілі сенеді, көзі жетеді. Осы қорытындыда жазушылық үлкен философиялық ой жатыр. Әдебиеттің қашаннан бір өзгешелгі өмір құбылыстарын дәлелмен емес, бейнелі суретпен көрсетуінде ғой. «Талпақ танау» әңгімесінде міне осындай үлкен қоғамдық шындық өмірдің жеке нақтылы оқиғалары арқылы көрсетілген.

Әңгімеде айқындалып толысып шыққан екі характер бар. Олар Сәден мен Есен: бірі - колхоз бастығы, екіншісі - шошқа бағушы. Бұларды жазушы ісі мен сөзі елден ерекше адамдар деп қарастырмайды. Шошқаны тосырқаушылық басқа адамдар былай тұрсын, колхоз бастығы Сәденнің өзінде де болған.

Ауданға қанша рет барып жүріп, колхозға деген шошқаларды әкетуге мойны жар бермей жүрген. *«Совхоздан берілген малдарға қосып, екі шошқа алуға уәделескені екі ай болса да, әкетуге келгенде, талайы тайып шыға беретін.*

– *Сәден, шошқаларыңды алып кетсеңші,- деп ферма бастығы талай ескерткенде:*

— *Жүре тұрсын... Келесі жолы алармын...- деп ылғи тастап кететін.*

Айни-айни, қобалжи-қобалжи бүгін әрең келіп тұр. Шошқаның жонына қарап қызықса да, аузы салтақ-салтақ, бауыры толған күлтілдеген емшек... тұмсығы бір түрлі, өзінің... құлағы анау... бірақ әйтеуір тұяғы айыр...

— *Әй, арам шығарсың-ау, антұрған!..— дейтін ішінен».*

Міне осылай ойлайтын Сәден бірте-бірте әлгі пиғылынан арылуға мәжбүр болады. Сырттан сыр білдірмей ақыры шошқаларды арбаға өңгеріп колхозға әкеліп бір-ақ түсіреді. Міне, осы әрекетінің бәрі де әңгімеде өте нанымды шыққан.

Өткен ғасырдың 30-жылдар әдебиетінде жаңа адамдар образы, күрескер, жаңа идеялар үшін қайрат жұмсайтын жандар бейнелерінің жасалуы үлкен оқиға, үлкен проблема болтаны мәлім. Ол творчестволық проблеманың шешілуіне Ғ. Мүсірепов өзінің шығармаларымен үлкен үлес қосқан. Сол кездегі қазақ прозасындағы ұнамды тұлғалардың бірі- осы Сәден еді. Сәденнің барлық іс-әрекеті ой-толғанысы оқушыны нандырады. Ол шошқаны арам деп атаушылардың сөзінің рас-өтірігін өзінше көп тексеріп көреді. Ойлап-ойлап келіп шошқаны жамандау молдалардың, діннің ісі екендігіне көз жеткізеді. Мәдениетті елдердің бәрі де шошқа етін жейтіндігіне ден қояды. Сәден образы әр түрлі оқиғалық өрістеулер үстінде бірте-бірте толысып шығады. Бірде оның мінездерін авторлық баяндаулардан көрсек, екінші жерде басқалармен сөйлескен тұсынан аңғарамыз. Енді бірде ішкі монологтан да көрінеді. Сөйтіп жазушы Сәден

тұлғасын сомдау үшін әр түрлі суреткерлік тәсілдерді қатар қолданады.

«Талпақ танау» әңгімесіндегі өте қызғылықты кейіпкерлердің бірі- Есен. Есен шал да алғашқы кезде өзгелер секілді шошқадан шошынатындардың қатарында еді. Бірақ колхоз басқармасы күштегеннен кейін амалсыздан шошқа бағуға ккніп қалады. Сүйте тұрса да, ол өзінің бұл кәсібіне іштей қатты арланады. *«Есен жеті торайын шұбыртып, екі шошқаны Қопалы көлге әрең айдап әкеледі де қоя береді. Өзі басқа бір жұмыспен жүрген адамша шеттеп, алыстан бақылап жүреді. Болмаса басқа бір жұмыс істеп жатады. Шошқаларын таңертең ел тұрмай, ерте айдап әкетеді де, кешке ел орынға отырғасын айдап қайтып, көзге көп түспейді...»*

Осы суреттеулер Есен шалдың басындағы жайларды өте айнытпай елестетеді. Мұнда бірде-бір артық сөз, артық бояу жоқ. Алғашқыда шошқа бағуға өз еркінен тыс көніп қалған Есен келе-келе шошқа деген жануардан шошынудың бекерлігіне ой жеткізеді. Мұның да қоғамға пайдалы, тиімді түлік екендігін біліп, қорлануды азайтып, жағдайына еті үйренеді. Есен шалды мазақтағысы келген Қасен молданың баласы Әбенге мықтап жауап қайтарады. *«Шырағым, біздің ісіміздің бәрі ерсі зой сендерге. Аулағырақ жүрсең қайтер екен!- деді Есен. Таяғының шоқпарлау келген жағы қышына бастағандай, жерді түртіп-түртіп қойды»*. Осы сөзден бұрынғы Есеннен кейінгі Есеннің көп айырымы танылып қалады.

Аталған әңгімеде Сәден мен Есеннен басқа да қызықты

кейіпкерлер кездеседі. Мәселен, орыс қызы Марияны алған Әпеннің мінез-құлқындағы құбылыстар да қазақ даласына келген жаңалық нышандарын адғартады. Қысқасы, «Талпақ танау» әңгімесінде сол дәуірдің үлкен мәселесі- адам санасындағы ескілік салттардың бірте-бірте сырылып, жаңаға жол беру мәселесі көркемдік ақиқатпен шешілген. Әңгіменің эстетикалық құпиясы да, тәрбиелік, танытқыштық мән-мағынасы да осында.

1934 жылы жарияланған «Шұғыла» атты әңгімесінде Ғ. Мүсірепов қазақ колхоздарының алғашқы кездегі хал-ахуалын көрсетуді мақсат етеді. Қазақстанда асыра сілтеушіліктің зардабынан туған қиыншылық - осы әңгімеге өзек болады. Бұл очерк-әңгіменің негізгі автордың өз көрген-білгені, естігені секілді мол фактілерге құрылған. Сондықтан да мұның кейбір тұстарында әңгімеден гөрі очерктің сипаты басым. Алайда «Шұғылада» көтерілген мәселенің маңыздылығы да, көркем шығармаға тән оқиға ситуацияларының молдығы да, әңгімелеуші аватор мен агроном Есқожаның образдары жинақталып, типтендіріліп берілуі де мұның көркем әңгімелік сипатын байқатады. Сондықтан да «Шұғыланы» әңгіме ретінде қарауды мақұл көрдік.

Жазушы мен қасындағы серігі агроном Есқожа болып қазақ ауылдарына шыққанда асыра сілтеудің аса кесепатты зардаптарын көреді; Ауылдарда көп ойранды қолдан жасаған жалған белсенділер шаруашылыққа да қаншалықты зиянкестік келтіргенін «Шұғыла» әңгімесі өте сенімді суреттейді.

Алайда өмірдің көлеңкелі, ауыр көріністерін қаншалықты тізіп

көрсеткенімен, автор түңілушілікке салынбайды. Оның да, қасындағы жолдасы Есқожаның да мақсаты айқын. Олар Қазақстандағы асыра сілтеушілік қаншалық өкінішке душар еткенін жете анықтамақ, мәселенің бәрін көзбен кермек, сөйтіп жіберілген кемшіліктерді неғұрлым тез жоюдың, халықтың әлауалын көтерудің амалын қарастырмақ. Жазушының осындай оптимистік идеясы арқасында «Шұғыла» әңгімесі өмірдегі кемшіліктерді мейлінше сынаған, қиыншылыққа кінәлі адамдарға қарғыс айтқан дәуірдің көркемдік документтерінің бірі болып қалды. Әрине бұл әңгіменің осынша мәнділігіне қарамастан, кейбір жекелеген олқы жерлері де кездеседі. Соның бірі - автордым, кей жерлерде өмірдің жалаң, натуралистік фактілерін көбірек тізгендігі. Әйтсе де бұлар әңгіменің жалпы бағалығына көп нұқсан келтіре бермейді.

«Шұғыла» туралы кезіншеде кептеген сын-пікірлер айтылған. Ол туралы жарияланған сын мақалалар да негізінен екі түрлі бағыт алды. Кейбір жазушылар (Б. Майлин) «Шұғыланың» шыншыл сипаттарын жете түсінбей, мұнда кеңестік колхоз өмірі бірыңғай қара бояумен суреттелген деген қорытындыға бейім келді. Бұл арадағы сын-пікірлерге сол кездегі кейбір ресми көзқарастардың әсері болғанын естен шығаруға болмайды. Колхоз аулындағы көптеген қиыншылықтарды батыл ашып, жөндеудің орнына, оларды жасырып қоюға тырысқан кейбір басшы қызметкерлер кемшілік атаулыны сынауға қарсы шықты. Сондықтан да ондайлар «Шұғыланы» қабыл алған жоқ. Бұл турасында небір ауыр айыптаулар табуға дейін барған, Алайда

«Шұғыланың» ұнамды сипаттарын кезінде жіті түсініп, жұртқа жақсы жағын жарияланып еді. Мұны Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, т. б. сыншылардың мақалаларынан көруге болады. Ол кезде «Шұғыла» сынды шығарманы қорғап шығу - үлкен әдеби сауаттылықты, батылдықты, азаматтықты керек ететін нәрсе. «Шұғыланың» әдебиеттегі орнын батыл ашып берушілік сол кездегі қазақ әдебиеті сынының өскендігін де аңғарта алады.

Басқа шығармаларындағыдай, Ғ. Мүсіреповтің осы әңгімесінде де әлеуметтік идеяны басшылыққа алған саналы, алдыңғы қатарлы адамдардың ұнамды сипаттары берілген. Автордың өзі де, агроном Есқожа да; мәселеге туралықпен қарайтын, пайымды, парасатты адамдар болып көрінген. Сондықтан бұл әңгімеде де адамдар, ұнамды қаһармандар бейнесін жасау міндеті бірсыдырғы тәуір шешілген дейміз.

Өмір шындығы үшін, келешектің асыл мұраттары үшін күрестің алдыңғы қатарлы, табанды, қоғам мүддесін өз мүддесінен артық санайтын адамдар тұлғасын жасау – өткен ғасырдың 30- жылдарындағы бүкіл қазақ әдебиетінің алдындағы зор творчестволық міндет болғаны мәлім. Ілгеріде біз мысалға келтірген шығармаларында Ғ. Мүсірепов қазақ аулындағы озық ойлы, қайратты, көпшілікті соңынан ерте білетін күшті адамдардың образдарын, яғни образдар галереясын жасағандығын айттық. Осы тақырыпты, осы дәстүрді ол ілгерілі-кейінді жазған басқа да шығармаларында үнемі дамытып отырған. Жариялануы кейінірек болғанмен, ертеректе жазылған «Этнографиялық әңгімесі» де осы қатарға қосып талдаймыз. Мұнда да жазушының

озық идеялы, өмірді жаңа замандық көзқарас арқылы сезінетіндігінен алдыңғы қатарлы замана адамының сипаттары жинақталған. Әңгімені өз атынан баяндағанымен, автордың өзі тасада қалып қоймаған. Ол шығармаға негіз болған жетекші идеяны алып барушы, ескіліктің зиянды сарқыншақтарын мысқыл етуші, кемшілікке күйініп, жақсылықты барынша қолдаушы ұнамды тұлға. Оның басында да қазақ елінің ең озық кісілеріне тән - кемшілікке төзбеушілік, күрескерлік, өмір орнықтырғыштық қасиеттер бар.

«Этнографиялық әңгімеде» қазақ, аулындағы өте бір өрескел құбылыстар сыналған. Арқаның ең бір шұрайлы жерін мекендеген Жаңбыршы ауылы еңбекті ар көрушіліктің салдарынан аса кедей, кемтар, мүсәпір халге душар болған. Жаңбыршы аулынын, жер сұлулығы мен тұрмыс кедейлігінің қайшылығын көрсету арқылы автор өз ойын ұтымды жеткізеді. *«Айналасы он шақты қараша үйлер. Шығыстан батысқа қарай шұбыла қоныпты. Ауыл маңында анда-санда бір жылқы, екі-үш сиыр, 5-6-дан бөлек-бөлек жүрген қой, ешкі көрінеді. Бұл маңайдағы ең арық малдарды осы ауыл жинап алған сияқтанады, бұл маңайдағы малы аз ауыл да осы болу керек. Осынша бай жердің иесі неден жұтап отырғанына қайран қаласың... Шұбалта қонған ауылдың орта деңгейінде жеті-сегіз еркек алқа-қотан отыр».*

Бұл ауылдың неден осыншама тақыр кедей болғанына автор бірте-бірте көз жеткізеді. Мұнда қазақ арасында ежелден ақсүйек деп есептелген төрелер тұрады екен. Олар бұрынғы правосынан айрылып қалғанымен, еңбекті ар көру дағдысын ұмытпапты.

Мұны сол ауылдағы еңбек ете білетін еті тірі жалғыз әйел Қарашаш былайша түсіндіреді. *«Бұл бір ертеден қырсығы арылмаған жадау төрелердің ауылы, тамтығы қалмай біткен ауыл. Бақ ауысады, ырыс жұғысады деп, бізден бұрынғылары да тырп етпей отыра берген екен, біз де тырп етпей отырмыз. Ауысқан да, жұғысқан да дәнеңе жоқ. 30 үй төлеңгіт болушы еді, олар әлдеқашан тастап кетті. Өздері әп-әдемі ауыл болып, оңаша отыр. Колхоз болып жатқандар да солар. Кеше ғана көріп келдім, бір қырқаның қыртысын айырып, егін салып жатыр. Ал бұл ауыл колхоз түгіл, әншейін ауыл болып отыра алатын да жайы жоқ. Осы ауылдың он шақты еркегінде өз атын өзі ерттеп міне алатын біреуі табылар ма екен? Бір арба отын әкелетін біреуі бар ма екен? Ондайларына төлеңгіт қызы - мен жүрмін».*

Міне, Жаңбыршы аулына бұдан артық дәл мінездемені табу қиын. Осындай сарказмды суреттеулер арқылы жазушы қазақ даласына кертартпа ғұрыпты сеуіп келген төрелер дағдысын өлтіре әшкерелеген. «Этнографиялық, әңгіме»-өзінің жинақтаушылық күші жағынан, идеялық, оқиғалық бірлігі жағынан, тілінің екшелуі, даралануы жағынан аса қызғылықты, жазушының творчествосындағы озық шығармалардың бірінен саналады. Жаңбыршы аулының еңбекке мүлде икемсіздігін және ол дағдысынан оңай арыла алмайтындығын көрген жазушы райком хатшысына келіп:

*«Жаңбыршы ауылында он колхозға еркін жететін жер бар. Аса шұрайлы жер текке жатыр. Колхозға алатын бір-ақ адам бар, аты Қарашаш»,-*дейді. Бұл автордың ғана үшін емес, арам

тамақ, жалқау, ежелгі үстем қауым өкіліне шығарылған заман ның да, уақыттығ да үкімі.

Алғашқы нұсқасы «Оңтүстік Қазақстан» газетінің 1940 жылғы 14-18 шілдеде басылған «Тарғыл қауын» әңгімесінде автор үстірт қарағанда онша елеусіз бір оқиғаны ғана суреттеген сияқтанады. Мұнда поезд үстінде кездесіп танысқан Болат Сералин деген жігіттің күлкілі оқиғаға душар болғаны айтылады. Ол сол поездда бара жатқан Лидия Николаевна Зеркальская деген әйелдің тілегіне бола бір станциядан қауын сатып әкелемін деп артынан көп әлекке ұшырайды. Қауын көтеріп әкеле бергенде, мініп келе жатқан поезд жүріп кетеді де көп машақаттар көреді. Юморлық планда баяндалатын осы «бейбіт» әңгіменің де өзіне лайық көтерген идеялық, жүгі бар. Автор адамдардың мәдениеттілігін көрсетуді көздейді. Жаңа танысқан адамына бола соншалық бейнет көруі -шығарманың басты кейіпкері Болат Сералиннің жақсы тұлғасын аңғартады.

Ғ. Мүсіреповтің творчествосында халықтық эпосты қайта өңдеп жазған, жаңарта жасаран шығармалардың молдығы мәлім. Оның «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» трагедиясы халқымызға кең таралған ұлы эпостың негізінде жазылған. Ол аңыз әңгімелер негізіне сүйеніп басқа да шығармалар жариялаған. Соның бірі - «Ер Қаптағай» әңгімесі. Бұл әңгіме «Әдебиет және искусство» журналының 1946 жылғы 4-5 сандарында басылды.

«Ер Қаптағай» әңгімесінің негізгі көздеген екі түрлі нысанасы бар. Біріншіден, автор бұл шығармасында қазақ халқының елдік, ерлік дәстүрлерін мадақтауды, насихаттауды мақсат тұтқан. Тау

ішінде, елсізде күн кешкен Қаптағай батыр мен оның палуан балалары дүниеде ешкімнен қорықпайтын жандар болып керінеді. Олар қарапайым, елеусіз тіршілік кешеді. Бірақ ешкімге намыс жібермейді, ерегескен жауына қан жұтқызады. Қаптағай мен оның балаларының ерлік мінездері халқымыздың жақсы қасиеттерін аңғартқандай болады.

Бұл әңгімеде аңғарылатын екінші мәселе - қазақ, арасына ислам дінінің терең жайылмағандығы. Сонау Меккеден ат арылтып келген әзірет пен діншілдер қарапайым қазақ Қаптағайды айтқан уағызына сендіре алмайды. Бұл символикалық мәні бар көрініс.

II ТАРАУ

Ғабит Мүсірепов туындыларындағы сыршыл шеберлік

Жазушының осындай творчестволық талаптану, іздену сапарының алғашқы бір жемісі- «Тулаған толқында» атты повесі. Бұл повесть Ғ. Мүсіреповтің болашақ суреткерлік ерекшелітерінің басты белгілерін анықтаған шығарма еді.

«Тулаған толқында» повесінің оқиғалық негізі азамат соғысы жылдарының тұсында болады. Мұнда негізінен алғанда екі жастың өмір шырғалаңына ұшырап, көп сергелдеңге түскені, азаттық, бақыт үшін күрес жолына шыққаны баяндалған. Балықшы жігіт Біржан мен ауыл кедейінің қызы Шәйзаның ескі тұрмыс, ескі салт-сана тұтқынынан шығып, жаңа өмірге аяқ басуы айтылады мұнда. Бірақ ол кезде жастардың сүйгеніне қосылуы, көңіл қалауымен жүруі өте қиын мәселе. Қолында малы, аузында сөзі бар, айналасына әкімшілігі жүріп тұрған бай-шонжарлар озбырлықтың қандай түрінен де тартынбаған кез. Бірін-бірі сүйетін Біржан мен Шәйзаның арасына да осындай жыртқыштың бірі Оспан болыс килігеді. Өзінің қартайып, жер таянғандығына қарамастан, Оспан болыс қалай да Шәйзаны қолға түсіруді көздейді. Бұл кешегі теңсіздік жайлаған заманның ақиқат көрінісі. Үстем тап өкілі атаулы әйел теңдігі дегенді ойына алып та көрмеген. Қалың мал төлесе, барлық дау шешіледі дейтін заман.

Оспан болыс араға сол қыз тұратын ауылдың адамы Итемгенді салып жүріп, Шәйзаның шешесінің келісімін еріксіз

алады. Іштей риза болмаса да, басқа амалы жоқтығын көрген ана қызын Оспанға беруге көніп қалады. Ағайын жағынан Шәйзаларға жақын Итемгеннің елшілікке жүру себебі де дәлелді. Сол тұста қазақ жастарын алашорданың әскеріне алады деген хабар тарайды. Сол шақыруға Итемгеннің екі бірдей баласы ілігетін болады.

Жалпы 30-жылдардың бас кезінде қазақ әдебиет тақырыптық жағынан да, жанрлық жағынан да аса жедел дамыған. Сол кезде бұрын әдебиетімізде жоқ бірталай жанрлар қатарға қосылды. Бұрын жекелеген үлгілері болғанымен дамымаған жанрлар қалыптаса түті. Соның бірі - көркем очерктер деуге болады. Жазушылар өмірден күнделікті байқаған шындықтарын жауынгер жанр очерк арқылы халыққа таратып отырады. Сондықтан да очерк жанры Қазақстанда жаңа өнеркәсіп пен ауылшаруашылығының қатты дамыған тұстарында аса жиі көріне бастап еді. Көптеген очерктер өзінің ішкі мазмұны, құрылысы жағынан қызғылықты әңгімені еске салады. Кейбір шығармаларда очерктің де, әңгіменің де элементтері қатар табылады.

Ғ. Мүсіреповтің аяқталмай қалған повестерінің бірі - «Жайлау жолында». Кең жоспарланған бұл шығарманың жеке бөліктері ғана жарияланған. Бұл повесть жөнінде әдебиет сынында осы кезге дейін пікір айтылмапты. «Жайлау жолынданың» жарияланған тарауларын оқып карағанда, шығармадағы негізгі оқиғалық желісі де, идеяны да анық аңғаруға болады. Автор бұл шығармасында бұрынғы сзінген кедей қызы - Ажардың көп күрес, тартыс үстінде шынығу жолын

көрсетпек болған. Жасында Ажар зорлықшылардан жәбір көреді, шерлі болады. Бірақ жаңа заманның арқасында көптің қатарында Ажар да жарыққа талпынады. Ақыр аяғында Ажардың да, оның сүйген жігіт Арыстанның да оқу іздеп, қалаға бет алғанын көреміз. Бұл-нағыз кмір шындығының бейнесі. Автор жаңа өмірдің саясында әйелдердің теңдікке жеткенін көрсетуді көздеген.

Жазушы өмірдің қайшылықтарын аттап өтпейді. Жаңа өкімет берген теңдіктің өзін іске асыру алғашқы кездерде қиын еді. Азаттыққа ұмтылған Ажардың да, басқалардың да алдында - көлденең тұрған талай кедергілер болады. Ескі салт-сананың өзі кедергінің ең мықтысы. Бірақ заман шындығы бірте-бірте қалың қауымның санасына сіңе бастайды. Бұрынғы жәбірленгендер биікке шығады, бір кездегі азулылар жазасын тартады. Повестің аяқталмай қалуы Ажардың, Арыстанның тұлғаларын толық көрсетуге мүмкіндік бермеген. Дегенмен, бұлардың бойларында жаңа адамдардың жақсы белгілері молынан ұшырайды.

Қазақ халқының азаттық жолындағы күресіне арналған жазушы шығармалары жоғарғы аталғандармен шектелмейді. «Тулаған толқында», «Өмір ертегісі», «Үздіксіз өсу», «Тұтқын қыз», «Жайлау жолында» шығармаларында басталған тартыс шежіресіне жазушының «Ана туралы әңгімелерінің» бірсыпырасы да іштей үндесіп жалғастық табады.

Осы шығармалардың көпшілігі аяқталмай қалған туындылар. Сондықтан ондай шығармаларға толық жүйелі талдау жасау да қиын. Егер осы шығармалардың аяқталмай қалған себебін

ізвестірсек, жауапты жазушының өмір материалын әлі де толық зерттеп, тереңдеп тани алмағандығы, кейбір тарихи оқиғаларға деген ғылыми бағалардың ол кезде бертліп болмағандығы проза жанрының құпияларын меңгеріп жетпегендігі төңірегінде табар едік.

Екінші дүние жүзілік соғысы тақырыбына арналған күрделі шығармалардың бірі- Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы. Бұл роман қазақ әдебиетінде кеңес халқының фашист басқыншыларына қарсы қаһармандық күресін көрсетуді мақсат еткен тұңғыш көлемді шығарма болып табылады. Әдебиетімізде Отан соғысы тақырыбына арналған, кеңес жауынгерлерінің майдандағы ерлігін, халқымыздың тылдағы жанқиярлық еңбегін суреттеуге бағышталған көркем шығармалар, соғыс жылдарында да, соғыстан кейінгі уақытта да аз жазылған жоқ.

Солардың ішінде Ғ. Мүсіреповтің 1945 жылы, соғыстың соңғы жылы шыққан «Қазақ батыры» атты повесінің орны ерекше. Бұл повесть өзінің көркемдік сапасы жағынан болса да, әскери шындықты мол қамти, оны жинақтай баяндауы жағынан болса да, Отан соғысының майданында ерлік көрсетіп жүрген жауынгерлердің іс-әрекет, мінез-құлықтарын көркем бейнелеуі жағынан да қазақ прозасына қосылған соны құбылыс еді. Кейіннен романға айналған бұл шығарма оқырман назарын осындай жаңашылдығымен аударған болатын.

«Қазақ батыры» повесінің кезінде жұртшылық көрсеткен бірсыпыра кемшіліктері «Қазақ солдаты» романында түзетілгені белгілі. Повесть пен романның арасында бірсыпыра сапалық

айырмашылықтар ұшырасады. Соларды жинақтап, түйіндеп айтқанда, төмендегілерді көрген болар едік. Мұндай салыстыру жазушының шығармасының соңғы вариантының алғашқыдан қаншалық өзгергенін, творчестволық ізденісін түсіну үшін қажет.

«Қазақ батырының» бойындағы бір олқылық - қаһармандардың іс-әрекетіне жеткілікті дәлелдеме жасалмағандығында, қайсыбір жағдайда суреттеулердің нанымсыздық тудыратындығында еді. Бұл көркем шығарма үшін анау-мынау кемшілік емес. Шығарманың оқушыны сендіруі үшін кейіпкерлердің әрбір әрекеті табиғи, шыншыл баяндалуға тиіс. Көркем шығарма объективтік өмірдің анық суретін түсіргенде ғана танытқыштық, тәрбиешілік мәнге ие болмақ.

Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ батыры» повесінде жасанды ситуацияға құрылған іс-әрекеттер аз кездеспейтін. Солардың бәрі қосылып келгенде, шығарманың шыншылдық қуатын кемітетін еді. Мәселен, кеңес жауынгерлері майдан шебінде мына сияктанған нанымсыз әрекеттер үстінде көрінеді:

«Біз беске бөлініп, бес күзетшінің аяғының астынан жорғалап өтіп, қалаға кіріп кеткенде, өріп жүрген көп күзетшінің бір де бірі сезген жоқ».

«Гүрің-гүрің сөйлеген дыбыс жақындап еді, серейген үш неміс екен. Бас салып үндерін шығармай байлап алдық».

«..Біз неміс солдатынша киініп алып еркінше араладық».

Неміс солдаттары тамақ ішуге кіріскенде, біз де қарнымыз ашқанын білдік. Ушаковты неміс лейтенанты етіп, өзім жабайы солдаты болып, тамақ алып жатқан кезекке мен де тұра

қалдым. Неміс солдаттары сүйекке таласатын иттей, біріне-бірі ар-ұр, баж-бұж сөйлесіп, арсылдасып тұр. Біреуімен ұрысып қалам ба деп, менде зәре жоқ. Бірақ өзара келісіміміз бойынша «тісім ауырған» болып тұра бердім. Менің кезегім келгенде мен бір қате жасадым-ау деймін, аспазшы маған қарап бірдеме деп қалды... Уәде бойынша сап ете түскен «офицер» Ушаков - швейген, шветцер!»- деді. Ол - оттамай, жөнелті-деген сөз еді... Тамақтанып алып штабқа қайттық».

«Төбеге қарай жер баспалдақпен үш неміс офицері шығып барады. Алдымда екі миномет атып тұр. Тырмысып тоқтай қалып, ақ шапанды сыпырып тастап, иығым жарқыраған неміс офицері болып, үш офицердің артынан, аяғымды саспай басып, мен көтеріле бердім.

Мен төбеге шыққанда, менің ізіммен төбеден ойға қарай құлай берген құзыншымды да көрдім. Ақ шапанды қайта кие салып, оның көтерілген ізімен мен де кейін қарай сызып бердім».

Бұл суреттемелерде жеңілдік, жадағайлық, жасандылық бар екендігі әркімге де аян болса керек. Жазушы өмір материалынан көркемдік шындық тудырудың заңдылықтарын бұл тұста жете ескере бермеген. Көптеген оқиғалардың ішінен типтік оқиғалар да таңдау қажеттігі кейбір тұста ұмыт қалғандығы сезіледі. Тек қана оқиғаның сырттай қызықтығын қуалау көп жағдайда характердің шыншылдығына нұқсан келтіретіндігі мәлім.

Орыстың атақты жазушысы А. Н. Толстой көркем сөз құдіретінің сырын мына бір пікірінде өте айқын түсіндірген. Ол: «жинақтау үшін көркемөнер фактінің санын кебейтіп көрсетуге

тырыспайды. Көркемөнер сол көп фактілердің ішіндегі ең характерлі дегендерін ғана іздестіруге тырысады,-дейді.

Бұл аса терең тұжырым. Жауынгердің майданда сан түрлі ерлігін санамалап көрсете беру оның образын толық ашқандық емес, шеберлікке байланысты кейіпкер бейнесін бір немесе бірнеше әрекетпен-ақ ашыла түседі. Ғ.Мүсірепов повесінің бас кейіпкері Қайырғалидің ерлік санын тым көбейтіп жібереді де жоғарыда айтқандай жасандылықтарға барған.....

Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ, солдаты» романында ұлт өкілдерінің бейнелері өзіндік ерекшелік сипаттарымен жақсы кейіптелген. Қазақ, жауынгері Қайрош, орыс жігіті Толстов, өзбек азаматы Абдуллаев және басқалары - бәрі де жарақ асынған жауынгерлер. Бәрінің де мақсат-мүддесі біреу - елмізге зұлымдықпен шабуыл жасаған жауды талқандау, кеңес халқының бостандығы мен бақытын қорғау. Бұлар бір саптағы жауынгерлер. Бәрі де бір командирдің қарауында. Осы жайларына қарап, бұларда бір-бірінен айырмашылық, белгілер, мінез-құлықтарында өзіндік ерекшеліктер жоқ, деп ойлауға бола ма? Олай деуіміз араттық, болар еді. Сол жауынгерлердің жүректегі сезімдері, мақсат-мүдделері бірдей болғанмен, сол ішкі күйдің сыртқы білінуінде ұлттық, ерекшелікті танытатын қасиеттер бар. Әр ұлт өкілінің әрекет-қылығынан, мінезінен, әдет-дағдысынан, сөйлеген сөзінен - бәрінен де оның туған ұлтының сипаты сезіліп отырады.

Міне «Қазақ солдаты» романындағы ұлт өкілдерінің кейіпкерінен біз осындай күйлерді көріп отырамыз. Бір саптағы кеңес жауынгерлері - Қайрош, Шеген, Сәмед, Володя, Зонин,

Ревякин, Мирошник, Ушаков тұлғаларын біздің көз алдымызға өзіне тән сипатты ерекшелік белгілерімен елестейді. «Қазақ солдаты» романы жөнінде З. Кедринаның, Арамилевтің, Богданов пен Шевченконың, Т. Нұртазиннің жазған сын мақалаларында романның осы алуандас жетістіктері жайында бірсыдырғы дұрыс ойлар айтылған. Біз бұл пікірлерді құптаймыз.

«Қазақ солдаты» романының ендігі атап айтылар үшінші үлкен қасиеті - көркемдік қуатында. Роман бірінші жақтан жазылған. Бұл жазушыдан үлкен психолог болуды талап етеді.

Автор өз шығармасын бірінші жақпен жазған уақытта шындық сырын шертушінің жай-күйін басқалардың іс-әрекеті арқылы байқатып отырады. Бұл тәсіл қиын, өйткені автор реті келген жерде еркіндік ала алмай, көбіне бас қаһарманның көрінер ортасына қарай ойыса береді. Романның сюжеттік желісіне арқау болар оқиғаларды өрбіту, ондағы жасалмақ образдардың, нақышын өрнектей түсу, іс-әрекеттердің ситуацияға сай келіп, жанды бейнелерді жасау жазушыдан айрықша көркемдік шеберлікті талап етеді. Осы реттен алғанда Ғабиттің бұл романы қазақ әдебиетінде өзінің соны жаңалығымен көрініп, жазу тәсілінің ауыр әдістерді игеруге болатындығын дәлелдеді. Жазушы өмір сырларын, адамның жан толғаныстарын, соғыс картиналарын әсерлі, көркем бейнелі суреттейді. Соғыс шағының арпалыс күйлері, кеңес жауынгерлерінің жаумен қасарыса алысқан шайқастары нанымды көрсетіледі. Сан алуан әрекеттер, қат-қабат оқиғалар бірінен бірі туып, ширақ өрбіп дамиды. Романда табиғат құбылыстары, пейзаж көріністері адамның жан-

күйінің толғаныстарына сәйкестеле суреттеледі. Міне, осы белгілерінің бәрінде шығарманың көркемдік қуатын арттыра түскен.

«Қазақ солдаты» романы - жазушының майдан өмірін жіті зерттеп, жинаған мол материалының негізінде туған еңбек. Шығарманың бас кейіпкері Қайрош образын жасауда автор кеңес Одағының Батыры Қайырғали Ысмағұловтың ерлік жолдарын негізге алған. Қайрош - Қайырғалидың прототипі. Бірақ осыған қарап бұл романды тарихи роман деуге болмайды. Рас, тарихи шығармаларда тарихи болған адамдардың өмірі суреттеледі. Тарихи адамның басынан кешкен хал-жайлар терең қамтылады. Және бұл хал-жайлар заманның тарихи шындығына сәйкес суреттеліп, белгілі дәуірдің шындығын танытады. Сонымен қатар тарихи романда автордың қалауымен енгізілген, ойдан алынған кейіпкерлер де болады. Бұл - шығармада дәуір келбетін жан-жақты кең қамтып көрсету үшін керек жайт. Ғ. Мүсірепов «Қазақ солдаты» романында тарихта нақты болған адамның майдан жолын, ерлігін негізге алады да, бірақ сол болған оқиғалардың ауқымында қалып қоймай, шығарма желісін кең өріске тартады. Майдан өмірінің шындығынан алынған мол деректермен оқиғаны қоюлатып, ширата түседі. Романда соғыс жылдарының сипатын осылайша кең қамтып көрсетеді.

«Қазақ солдаты» романы – тақырыбының сонылығы, көркемдік қуатының пәрменділігі тек жазушы творчествосының биіктеп өскендігіне ғана емес, сонымен қатар жалпы қазақ прозасының өресі биіктегендігін көрсететін айғақ. Роман сол

кезде көптеген ұлттардың тілдеріне аударылды. Мұның өзі шығарманың жақсы сапасының дәлелі. Романда суреттелген образдардың тәрбиелік мәні зор. Мұндағы кеңес жауынгерлерінің ерлігі, іс-әрекеттері және жоғары адамгершілік қасиеттері біздің жас ұрпақтарға ұлтжандылық тәрбие беру ісіне жәрдемін тигізеді, жастарды Отанды жан-тәні мен сүйеге, патриотизмге баулиды, Отан үшін жан аямай еңбек етуге, достық-бауырмалдық туын жоғары ұстауға насихаттайды. Сондықтан да романның адам тәрбиелеушілік мәні жоғары деп танимыз.

Романның басты кейіпкері – Қайроштың жастық шағы, өсу, ержету жолы, әскери сапта жүрген кездегі қызметі оқушыны өзіне қызықтыра тартып отырады. Қайрош – жаңа заманныңзаматы. Ол ұлтына, отанына садық боп ер жеткен ұлан. Оның іс-әрекеттері, оның бойындағы мінез-құлық – қиялдан қиыстырылған, елден алабөтен тұрған ерекше сипат емес. Қайроштың замандастарының бәріне де тән ортақ қасиет. Бұл белгілер кейіпкердің, өзіндік-даралық ерекшеліктерін көрсетумен қатар, біздің дәуір адамдарының белгілі бір тобының, қалың қауымның жай-күйін танытатындай типтік сипатты аңдатады.

Қазақ өмірінің сол кездегі саяси-әлеуметтік сипатын қоғамның басты күштерінің дамуын, негізгі күрес бағытын, қысқасы белгілі бір тарихи күрделі кезеңдегі халық өмірінің шындығын жазушы «Оянған өлке» романында мол қамтып, кеңірек, тереңірек ашты.

«Оянған өлке» романында Қазақстанның тарихындағы аса маңызды оқиға – қазақ даласына капиталистік элементтердің келе

бастауы, шахталардың ашылуы, зауыттардың салынуы, жұмысшы тобының ұйысуы жайлы сөз болады, Бәрінен бұрын романның танымдық қасиеті мол. Өйткені осы уақытқа дейін түрлі тарихи, ғылыми еңбектерден болмаса, қазақ оқушысы өткен ғасырдағы Қазақстан жеріндегі өндіріс пен жұмысшылар жайында көркем шығармалар оқи алған жоқ еді. Бұл ретте «Оянған өлке» романы халқымыздың тарихындағы өте күрделі кезеңді жан-жақты түсінуге септесе алады. Онан соң жұмысшы табы әлемдегі ең озық тап екені белгілі. Ғасырлар бойы мүлгіп жатқан қазақ сахарасында жұмысшылар ұйтқысы қалай орнады, олар қандай күн кешті деген сауалдарға да жауап айту өте қызғылықты міндет. Сонымен «Оянған өлке» — қазақ даласының капиталистік даму ауқымына түсе бастаған кезеңдердегі халықтың бетбұрыс, ояну дәуірі туралы роман дейміз.

Қандай да болмасын көркем шығарма өмірдің шыншыл бейнесін беруге тиіс. Қоғамдық тіршіліктің ең шешуші салаларын іріктеп көрсете алған шығармалар ғана тәрбиелік, эстетикалық мәнге ие болмақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда «Оянған өлкенің» көптеген өмір материалдарын, тарихи фактілерді зерттеу, салыстыру, жинақтау негізінде туғанын көреміз.

Жалпы алғанда Қазақстанда өндіріс ошақтарының салына бастауы өте үлкен тарихи өзгерістерге бастайтын прогресшіл оқиғалар болған. Бұл жөнінде Қазақстан тарихында «Капиталистік қатынастардың енуімен және оның қазақ шаруашылығына ықпалының күшеюімен бірге ауылда патриархалдық-феодалдық қатынастардың ыдырауы тездеді»,-

делінген.

Өндіріс орындарының жұмысшылары кейіннен төңкерістік қозғалыстың ең алдыңры шебінде болды. Бұқараның бостандық үшін күресін бастады. Олардын арасынан халық қамын ойлайтын саналы күрескерлер шықты. Міне, осының өзінен-ақ, Қазақстан жағдайында капиталистік қатынастардың орнауы прогресшіл сипат алғанын көрсетеді.

Қазақстанның өндіріс тарихында Қарағандының алатын орны үлкен. Өйткені шын мәніндегі жұмысшылар алғаш рет және үлкен көлемде осы Қарағанды және оның айналасындағы кен орындары мен завод, фабрикаларда ұйымдасты. Әлбетте, орыс капиталистері мен шетел алпауыттары Қазақстан жерінен кен орындарын ашқанда қазақ халқының емес, өз бастарының пайдасын көздегені белгілі. Олар сахарада тұнып жатқан байлықты өте арзан бағаға түсіріп алуға ұмтылды. Жұмысшыларға аз еңбекақы төлеп, мол өнім жинауды көздеді. Капиталистер ешқашан да қазақ халқының мәдениетке жетуін, жоғары техниканы меңгеруін аңсаған жоқ. Сонда да болса, объективтік жағынан, қазақ жеріне салынған өндіріс орындары халықтың санасын оятуға күшті әсер етті. Өндіріс жұмысына араласқан қазақ, еңбекшілері алдыңғы қатарлы орыс жұмысшыларымен араласып, олардың төңкерістік іс-әрекеттерінен үйренеді, өз праволарын қорғай білудің, ол үшін күресе білудің жолдарын таныды.

«Оянған өлкенің» идеялық, тақырыптың, образдық жайларына тоқталмастан бұрын Қарағанды кенінің тарихына байланысты

кейбір деректерді келтіріп өту жөн. Романда бұлар жөнінде көптеген тарихи дәл мағлұматтар кездеседі. Осының бірсыпырасын этнограф-тарихшы Б. Әбиевтің «Қарағанды кені» деген тарихи очеркінен табуға болады.

Кітапта Қарағанды кенінің табылуы, оны орыс капиталистерінің қандай жолмен сатып алуы, бұл іске кімдердің араласқаны жайында көптеген мәліметтер бар. Олардың көрсетуінше Қазақстан жеріндегі алғашқы өндіріс орындарын ашушылардың бірі Семей қаласының белгілі саудагері С. И. Попов деген болады. Ол 1834 жылы Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Берікқара деген жерден завод салдырған. 1849 жылы Баянауыл жерінен қорғасын, күміс рудаларын қорытатын завод орнатады. Ал 1847 жылы Екатеринбург қаласының атақты саудагері Н. А. Ушаков Қазақстан даласынан завод, фабрикалар салуға, кендер ашуға мықтап кіріскен. Осы мақсатпен ол көп жерлерді аралайды, қазақтың көптеген байларымен таныс болады. Осылай ізденіп жүріп, ол 1845 жылы Қарағанды жерінен табылған бай көмір қазынасына кездеседі. Байжанов Апақтың суырдың інінен тапқан тас көмірін көріп, Ушаков қатты қызығады да, қалай да сол қазынаны қолға түсіруді ойлайды.

Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысып дағдыланған халықтың, ежелгі әдетін тастап, жаңа кәсіпке көшуі оңай болмаған, Мұның көп себептері бар. Соның ең бастысы - баянсыз көшпелі мал шаруашылығының, кезектесіп келетін жұттың халықты ауыр күйзелтіп кете берушілігі. Осындай

жұттың кесапаты ауыз әдебиетінде мол суреттелген. Оны белгісіз ақынның мына бір ауыз өлеңі дәлелдейді:

Күйзелткен халық күйі езіп-жаншып,
Кетті ме белден асып жылан қашық.
Бір күнде қамсыз жатқан қайран елім,
Екі үйге бір сауулы ешкі болды-ау талшық.

О баста 250 сомға сатып алынған Қарағанды алғашқы кезде күшті қарқынмен өспесе де, жылдан-жылға өнімін арттырып отырған. Мәселен, 1862 жылы 3254,7 тонна, 1872 жылы 9749,7 тонна көмір алынған. 1886 жылға дейін 13-тен артық кіші-гірім жаңа шахталар ашылған. Қарағанды кенінің өнімі толық алынбауына компанияның мүшелері арасындағы дау-талас, кейбіреулерінің компаниядан шығып кетуі себепші болған. Сонымен Қарағанды кендерін 30 жылдай пайдалану кезінде небәрі 286 885 тонна көмір өндірген.

Бұл келтірілген деректердің бәрі «Оянған өлке» романының нағыз ақиқат, тарихи шындықтардың негізінде жазылғандығын байқатады. Көптеген жер аттары да, адам аттары да, оқиғаның өрістеулері де тарихи шындықтың ізін танытады. Дегенмен, көркем шығарма өмір материалының ешқашан да көшірмесі болмайды. Сондықтан да Қарағанды тарихына байланысты көптеген адамдардың көркем бейнесінде елеулі өзгешеліктер болуы - әбден табиғи.

Қарағанды тақырыбы - біздің әдебиетімізде көптен бері жырланып келе жатқан тақырып. Бұл кездейсоқ құбылыс емес, алғашқы өнеркәсіп орындарының бірі болған Қарағанды

халқымыздың тарихына көптеген жаңа беттер, жақсы дәстүрлер қосқан. Оның өткені мен бүгінгісі және келешегі жайында бірталай шығармалар бар. «Оянған өлкеге» бармастан бұрын аздап соларды да ескертіп өтуіміз шарт. Қарағанды туралы ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де көп туындылар бар. Мәселен, Ілияс Манкин секілді жерлікті халық ақындарының жырларында төңкерістің алдындағы кеншілер өмірінің жай-күйі шыншылдықпен суреттеледі. Оның шығармаларында капиталистердің жұмысшыларды аяусыз қанағандығы жөнінде ауыр қиыншылық еңбек адамдарының ынтымағын күшейткендігі туралы, орыс пен қазақ жұмысшыларының достығы жайында жырлаған жолдар кездеседі. Қарағандының жұмысшылары өмірінің түрлі саласын Доскей, Шашубай, Көшен, Елеуов, Ғабдиман Игенсартов тәрізді ақындардың шығармаларынан да көреміз. Ақындардың жырлары арнаулы кітап болып та басылған.

Ал жазба әдебиетте Қарағанды тақырыбына байланысты көптеген шығармалар туғанын атап өту керек. Өткен ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ әдебиетінде Қарағандының аты өте жиі ұшырайды. Кеннің озық адамдары туралы, ескі мен жаңаның күресі, прогрессшіл салт-сананың орнығуы жайында сан алуан әңгіме, очерк, публицистикалық мақалалар басылған. Қарағандының қаһарман еңбекшілерінің Отан, халық үшін жан аямай еткен қажырлы еңбегін жырлаған жазба әдебиеті өкілдерінен Сәкен Сейфуллинді («Жұмыскерлерге»), Сәбит Мұқановты («Көмір - коммунизм»), Өтебай Тұрманжановты

(«Қара алтын»), Аллажар Теміржа новты, Әуезхан Көшімовты, Қабжен Мұқашевті, Мұзафар Әлімбаевты, Мақсұт Байсейітовты, т. б. атауға болады. Қарағанды жайлы жазылған драматургиялық шығармаларды да кездестіреміз. Бұл ретте М. Әуезовтің «Сын сағатта», Әлжаппар Әбішевтің «Достық пен махаббат», Ж. Шаниннің «Шахта» деген пьесаларын атау керек.

Қарағанды кені туралы жазылған көлемді прозалық шығармалар да аз емес. Саттар Ерубаеттың «Менің құрдастарым», Ғабиден Мұстафиннің «Өмір мен өлім», Әлжаппар Әбішевтің «Жас түлектер» романдарында кенші жұмыскерлердің өмірі мен еңбегі қызғылықты баяндалып, шешімін тауып отырады. Бұларда жаңа заманда шын бақытқа, еңбек еркіндігіне қолы жеткен, халықтар достығы саясында өрлеп алға басқан халықтың творчестволық өмірі әңгімеленген. Әдебиетімізде Қарағанды тақырыбы жайында арнаулы ғылыми-зерттеу еңбектер де бар. Соның ішінде филология ғылымының докторы М. Ғабдуллиннің «Қарағанды қазақ кеңес әдебиетінде» деген байсалды еңбегін атауға болады.

«Оянған өлке» романында да Ғабеннің өзіндік шеберлікпен кестелеген суреткерлік шеберлігі байқалады. Мысалы, қайтсем де Игілік байға жағынуды көздеген Күреңкөз молданың; *«сіздің үйдің иттерінің үргені естіліп тұрса, біз үшін қанбай абай! Қайырлы болсын!»*-дейді. Ал юморлық кейіпкер Байжанға орыс достарының бірі Шилоның арақ іштіргенін; *«Байжекең арақтың қазақ білмеген бір қасиеттерін көптен сезініп, құмартып жүрген адамша ішкендерге жұтынып қарап:*

- Тамақты қызыл бұрыштай күйдіріп кетеді-ау деймін!..

Сайтанның адамды көңілдендіріп жіберетін бірдеңесі бар... Әне көремісіңдер, ішкен қандай, ішпеген қандай? – деп елеңдей беріп еді. Қысталуы келіссе, кеше-ақ іше салатын көңілі бар да. Байжекең қазір де безіне шегінгенмен көзі ұсынған арақта, қызыққанның сөзін айтып тұр: - Кәпірдің мөп-мөлдірін қарашы! Әйтеуір, бір тазадан жасалады-ау деймін.. деп қояды.

Байжанның құлап тұрған құлқынын танып, Шило қарт дәл ойдағы жерден қолқалап жіберді;

- Менімен бірге ішпесең, сенің үйіңе келіп мен де шай ішпеймін. Келмесін демесең іш!- деді.

- О, қайтер дейсің, іш, бәріміз де ішеміз әлі,- деп Бұланбай да қостады.

- Қап, мына шал мені жеңді-ау, ақыр!.. Орыстікі дегенмен опық жеген жерім жоқ!.. Ал, Байжан кетті... Пісмілда!..- деп, Байжекең арақты сылқ-сылқ жұтты!

Автордың мінездеулері әпқашан да нысанаға осындай дәл тиіп отырады. Кейбір жағдайда тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып та кейіпкердің көңіл-күйін тамаша аша алады Мәселен, Ушаковқа Сикорский ұнамайды. Автор оныбір тұста Ушаковқа Сикорскийдің өзі ғана емес, оның көзілдірігі де ұнамайды. «Кейбір көзілдіріктер күліп тұрғандай, жақсы әсер етуші еді, Сикорскийдің көзілдірігі шаншып алардай шатынай қалады екен». Немесе, Ушаков компаниясының тың роман соңындағы тоқырауын жазушы;

«Жез қалпақтың дың еткені Ушаковқа жаназаға шақырған шіркеу қоңырауының үніндей естілді»-дейді. Қандай тамаша астасқан суреткерлік табыс.

Ғабеннің шынайы шығармаларының бірі – «Ұлпан» романы. Шығарманың көркемдік құрылысына үңіле қарасақ, Ғабеннің үйреншікті шеберлігіне тағы да көз жетеді. Өзінің кең арнасында кейде жылым, кейде толқын ағысымен кеп жараға соғып, көп картинаны көз алдыға жаятын ұлы өзен іспетті өмірдің көп саласын, көп құбылысын қамтитын оқиға даму динамикасы тек эпикалық шығармаларға ғана тән құбылыс. Сол секілді «Ұлпан» романы да өткен ғасырдың ортасында, Солтүстік пен Орталық Қаратал жерінде өткен Кенесары оқиғасы сықылды кейбір елеулі оқиғаларға соға отыра, сол кездегі өмір мен Есеней, Ұлпан, Мүсіреп, Артықбай, Сәдір, Торсан, Жәуке секілді бейнелердің арақатынасын ашып, танытарлық жай-жағдай, құбылыстарды суреткерлік тәсілмен бірте-бірте алға тартып отырады. Бірақ осы суреткерлік тәсілдің өзегі шығарманың өй бойында тұтас сақтала бермейді- кейде ол жұқарып, кейде үзіліп барып, жалаң баяндауға, публицистикалық топшылауға ауысатыны аңғарылады. Сонда әңгіме өрнегінің психологиялық арқауы босаңсып, түйдек келген көркемдік әсерінің сәл әлсірегенін сезінетіндейсің. Бұл әсіресе Торсан мен Жәукенің зұлымдық әрекеттері мен Ұлпанның күйреп, у ішер тұсындағы трагедиялық күйін суреттеуге қатысты. Романның мұндай бірен-саран кем-кетігі шығармадан алған жалпы әсерге нұқсан келтірмейді.

Мәселенің қойылуы мен шешілуі тұрғысынан қарағанда, кей

шығармаларда жеке адамның кесек характерлері дараланбай, көптің ішінде көрінбей қалатын кездерін де аз кездестірмейміз. Ал үлкен талант қашанда ірі мен ұсақты, үлкен мен кішіні, жалқы мен жалпыны айыра қарайды, олардың арақатынасына тарихи нақты талдау жасайды. Сол негізде халық ұғымында қалыптасқан жеке мәселелер жөнінде тың пікірлер айтады.

Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романын оқығанда, осы ойға әбден бекісің. Романды тарихи шын оқиғаға құра отырып, Ғабен қазақ әйелінің қоғамдағы орнын, қызметін, оның феодалдық-патриархалдық ортадағы күресін нақты характерге сүйене, нанымды суреттейді. Халық сүйіспеншілігіне бөленіп, ел анасы атанған күрескер қазақ әйелінің бейнесін кесек те, ірі образ дәрежесіне көтереді.

Осы күнге дейін кей халықтардың ұғымында қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен қызметі жайлы теріс түсініктер де жоқ емес еді. Бұл тақырыптағы ғылыми және көркем әдебиет қазақ әйелін қоғамның ешқашан теңдікке ие болып көрмеген, езгідегі мүшесі есебінде түсіндіріп келді. Әйелге қалың төленетінін сылтау етіп, малға сатып алынғандықтан, ол мал орнына жұмсалды деген ұрым да кең таралды. Басқа ұлт оқырмандарының, әсіресе орыс оқырмандарының қазақ әйелі туралы түсінігі көбінесе осылай қалыптасты. Кейінгі жас ұрпақта да осы тектес ұғым бар. Олар төңкеріске дейінгі Шығыс әйелдерінің халін, олардың қоғамдық, өмірде алатын орнын бір өлшеммен өлшейді, қазақ әйелдерін өзге Шығыс халықтары әйелдерінен айыра қарамайды. Төңкеріске дейін қазақ, әйелі пәренжемен бетін жауып жүрді деген жаңсақ

ұғым да жоқ емес. Ал қазақ әйелінің төңкерісктен бұрынғы тұрмыс тіршілігі қайшылықты жағдайда өткенін, онда езгілік және теңсіздікпен қатар қазақ әйелдері белгілі бір жағдайда сый-құрметке де ие болғанын біз тарихтан да, тәжірибеден де анық білеміз. Қазақ қыздарының қалың топ алдында қасқая тұрып сөз сөйлегенін, билік айтқанын да, айтысқа түскенін немесе олардың қиын-қыстау кезеңде жауынгерлік жорық үстінде еркектермен бірдей ерлік көрсете білгенін анықтайтын дәлелдер тарихта көптеп кездеседі. Сондай-ақ көптеген қазақ аналарының жеке адамның ғана емес, сонымен бірге көптің анасы болғанын, өзінің жақсы қылық-әрекеттерімен елге жағып, халық анасы боларлық күйге жеткені өмірде жиі кездескен. Қазақ даласында әйел атымен аталған жерлер (Ай, Таңсық, Айша-биді, Болған ана, Баршынкент, Баянауыл), әйел аттарымен тараған рулар да (енең, қызай т. б.) көп болған. Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романы біздің осы жайлы түсінігімізді байытып, қазақ әйелінің қоғамдағы орны мен қызметі туралы тың жаңалық ашады.

Ұлпан - романтикалық характер. Тарихи адам өмірінің реалды шындығын жазушы оны сәл көтере түсер, өз ортасынан оқшау шыққан адам екенін танытар қаһармандық қасиеттермен әрлейді. Қарапайым қазақ қызының іс-қимылы да, сөзі де бір көргеннен ірі танылады. «Қаршығалы» шұбарына көз тіге келген Есенеі тобының алдынан Жігітше киініп шыққан қыз өтіншінің өзінішінің өзін ерекше бір асқақтық барын түрікпен Мүсіреп бірден байқайды. Онысын бетіне айтқанда, қыз айып тартқан болып, атын тастап, тағы да салмақ салып кетеді. Бұл салмақ

өмірі кісі алдында айып тартып көрмеген Еснейді атына ат қосып қайтаруға мәжбүр етеді.

«Ерке болушы еді, ығыспай сөйлейтін қыз болыпты-ау! Зейінді, зерделі боларсың деп ойлап кетіп еді, ойлағаны келген де қойған. Ұтқызбай кетті ғой».

Төрт-бес жасында Артықбай батыр үйінде кездесіп, әке мен баладай достасып кеткен Ұлпанды Есней осылай еске түсіреді.

Тағдыр ісіне мойынсұнып, қарап отыру - Ұлпан характеріне жат. Феодалдық ортаның әйел қауымына құрып қойған тұзағынан біржола босап кетуді ойламаған ол өзіне бұйырылған ырзық көлемінде еркін, өз ықтиярымен тіршілік құруды қалайды. Оның Мырзаштан құтылуға талабы да осының бір көрінісі. Мырзаштан құтылады. Және одан өз күші емес, Есней сияқты күштінің қолы құтқарады. Тағдыр құрығы ұзын емес пе? Бірақ мұның артында Еснейдің өз құрығы дайын тұрғанын Ұлпанның аңғарған да түрі бар.

«Жат қолында» романы – идеологиялық өткір тартысқа құрылған саяси роман. Онда негізінен шетелдіктердің шектен тыс менмендігі, Қазақстанға ши шығармас меңіреу өлке, қосымша пайда көзі деп қарауы онсыз да маздаған ұлт-азаттық қозғалысты антиимпериалиетік сипатқа айналдырғаны суреттеледі.

Романда ұлттық қозғалыстың бір-біріне қарама-қарсы екі бағыты әңгіме болады. Біріншісі - орыс төңкерісшілерімен бірге азаттыққа жетуге болады деп, азаттық майданына шыққан Кенжеғара сияқты күрескерлер. Екіншісі- Россияның құрамында тұрғысы келмейтін орыс халқымен бірігіп өмір сүргісі келмейтін

- ұлтшылдар. Ал біразы опыр-топыр оқиғалардан, партиялардың көптігінен есеңгіреп, ешбір партияға қосылмай әрі-сәрі жүргендер. Тағы біреулері өздерінің беттерін бірден айқындап алады. Уезд бастығының тілмәші Мәтжан, дәрігер Сейдазым ескілікті көксейді, байлардың сойылын соғады.

— Ауылда жұрт нанына шөп-шөңге араластырып жеп жатса,- деп ашуланады Кенжеғара,- бұлар даланың жазығына жарқыратып он екі қанат ақ орда тігіп, хан дастарханының төрінен өздеріне жайлы орын іздеп әуре.

Осындай бұрын да белгілі типтермен қатар, «Оянған өлке» мен «Жат қолында» романдары ұлт мәселесінің бұған дейін қазақ әдебиетінде көп көтеріле қоймаған қырларына да назар аударады. Ескіліктің «алтын дәуренін» көксегендер бір басқа да, сол кертартпалардың арт жағынан көрінбей тұрып айтақтаушылар екінші басқа.

Ұлтшылдардың санасына жетпеген нәрсе — олар қазақ елін әлемнен оқшау жатқай өзінше бір дүние деп түсінді. Бұл, әрине, адамзаттың өсіп-өну тарихын, қоғамның саяси-экономикалық және әлеуметтік даму заңдылықтарын білмегендіктен туған құбылыс. Бұл қате түсінікке романда соққы беріледі. Бір ғана мысал келтірейік. Жиырма жеті қазақ интеллигенті Уақытша өкіметтен қазақ елінің билігін Уфа муфтиіне тапсыруды сұрап арыз жазады. Бұған Кенжеғара қатты таңырқайды. Мұны ұлтшылдардың көп сандырағынын, бірі деп қоя салуға да болады ғой. Бірақ өзі зерттеп отырған нәрсенің түп-тамырына бойламай көңілі көншімейтін жазушы кілтипанның неде екенін ашып бе-

реді. Ол сонау панисламизм, пантюркизм қоңырсытып жүрген иіс екенін әшкерелейді. Төңкерістен бұрын да мұсылмандардың «Ортақ Отанын» құрайық деп тамағы қарлыққанша айқайлайтындар кездескен.

Сөйтіп, Ғабит Мүсірепов романында үлкен маңызы бар құбылысқа назар аударады. Ұлт мәселесі сол ұлт мекендейтін елдің, жердің шеңберінде қалып қоймайды, дүние жүзілік аренада шиеленіскеи идеологиялық күресте белең беріп отырады.

Сонымен, аса көрнекті жазушымыз Ғабит Мүсірепов өзінің «Оянған елке» мен «Жат қолында» атты роман-дилогиясында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бастапқы ширегіне дейінгі қазақ халқының өмірін саяси-әлеуметтік тұрғыдан, зор көркемдік қуатпен зерттейді.

«Оянған елке» мен «Жат қолында» романдары берері мол, тағылымы үлкен шығармалар. «Тағылым» деген сөз бұл арада кең мағынада айтылып отыр. Оянған, көркейген Қазақстан тарихы, егерде тіл бітіп сөйлей қалса, дәл Ғабит Мүсірепов романдарындағыдай тілде сөйлер еді.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» қазақ драматургиясының шебер жазылған көрікті шығармасы. Пьесаның кейіпкерлері кесек, салмақты шебер қалыптанған. Әр кейіпкердің поэзиялық, психологиялық шындық арқылы берілген көркем образдары бар. Трагедияның тілі аса құнарлы. Бірсыпыра жылтыр сөздер, әсіре қызыл теңеулер кездесіп қалғанмен, пьеса негізінен халықтың шүйгін тілінің мол байлығын бойына жақсы сіңірген. Жазушы геройларының мінез-

құлқын, рухани келбетін, ой өрісін, көзқарасын шыншыл етіп беру үшін халық арасында ертеден қалыптасқан ұғымдарды, сөз өнерінің үлгілерін, бояулы, әсерлі сөздерді дұрыс саралап, орнын тауып қолданған. «Пьесада халықтық тілге поэзиялық қасиет бітіріп, күйлілік қалпында кестеленген. Бұл пьесаның ішінде жырланған сезімдер, молынан ашылған жеке-жеке мінездер барлық тартыс атаулының есігі, өрбуі, шарықтап жетіп шарт сынып аяқталуы - барлық осы сипаттар өз қалпында, өз орнында үлкен шеберлікпен қиюласқан». Трагедияның драматургиялық жағы - сюжет қоюлығы, алған оқиғасының саралығы, тартыстың шиеленіп, өз логикасымен өрбіп, өсіп заңды шешілуі драматургтың классиктерден сәтімен үйренгенін танытады.

«Ақан сері - Ақтоқты» драмасы Ғабит Мүсреповтің драматургия сияқты қиын жанрды жақсы меңгерген шеберлігін танытты. Пьесаның композициясы шебер, драмалық, тартысы шытырман әдемі өрбіп, жақсы шешіледі. Бұл драмада жазушы жеке дараланған толып жатқан кесек образдар жасады. «Қозы Көрпеш - Баян сұлудан» гөрі адамның ішкі дүниесіне тереңірек үңіліп, психологиялық нәзік суреттер жасап, адам характерлерін терең де нәзік даралады. Жазушы Ақанның ішкі дүниесіне терең бойлап, оның іс-әрекетінің мотивировкасын жақсы ашады. Ақанның қараңғылыққа, әділетсіздікке қарсы наразылығы, өмірге көзқарасы ой жүйесінің дамуымен астасып оның адамдық

мінез-құлқына, өжеттілігіне, сезіміне боялып өте нанымды әсерлі берілген.

Ғабит Мүсірепов қазақ әдебиетіндегі ең ірі драматургтың бірі. Драматургиялық шеберлікті жете меңгерген, Шекспир, Шиллер, Гоголь сияқты классиктерден творчестволық жолмен үйренген жазушы. Қазақтың жас сахналық өнерінің дамуына Ғабит шығармалары зор әсер етті. Оның басты-басты драмалық шығармалары: «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Ақан сері — Ақтоқты» пьесалары, Мұхтар Әуезовтің «Еңлік — Кебек», «Түнгі сарын», «Абай» пьесалары мен қатар қазақтың эпикалық драматургиясын биік сатыға көтереді. Әсіресе, трагедия мен комедияға қарағанда драма жазуға, драмада мәселе көтеруге, пьеса оқиғасын шиеленіскен тартысқа құруға, күшті характерлер сомдауда шеберлігін байқатып келеді. Тартысқа толы, қым-қиғаш оқиғалардың көрінісін береді. Кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы образдар сомдалады. Образға енген тұлғаның бет-пердесі әр қырынан таныла бастайды. Оны драматург шебер сомдап, сахна төріне алып шығады. Тарих сахнасына шыққан драмалық шығармалардың құндылығын халық өзі таразыға салады. Жазушының қазақ театрының дамуына өз септігін тигізгенін драматургия саласындағы еңбектерінен аңғаруымызға болады. Бүгінде жазушы қаламынан нәр болып төгілген құнды еңбектерін атап айтсақ, «Ақан сері — Ақтоқты», «Амангелді», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты пьесалары театр сахналарынан үзілмей, ұлттық

өнеріміздің құндылығы ретінде бағаланатын асыл мұраларымыздың бірі болып саналады.

III тарау

«Ананың анасы» әңгімесі туралы

Ғабит Мүсіреповтің ана тақырыбына жазылған шығармаларының ортақ өзегі – ана махаббатының жеңімпаз күші, қуаты. Өйткені ана махаббаты – адамды, әділдікті рахымды, бейбітшілікті сүйеге арналады. Сондықтан да бұл топтама шығармалардың идеялары ұқсас, жақын болғанмен, тақырыбы сан алуан. Айталық қазақ өмірінің аңызына арналған шығармасы - «Ананың анасы» әңгімесі.

Жазушыға тән ерекшеліктің бірі – қызықты уақиға желісіне құрылғаншағын әңгімеге бай мазмұн сыйғыза алуында және көптеген көркем компоненттерді пайдалана білуінде. Дәлірек айтсақ, пейзаж, диалог, жеңіл де әдемі құрылған әдіс-амалы, көркем тілі шығарма идеясын тереңірек ашуға, нақты тануға көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда жазушының қай шығармасы болмасын оқиға желісі қызық, тартымды, тілі көркем, оқуға жеңіл. Оған қоса, оқылатын әңгіменің көлемі шағын болғандықтан, үйде оқып келуге тапсыруға да, не болмаса сыныпта оқып, мазмұнымен танысуға болады.

Кейінгі тәсіл (сыныпта оқу) шығармадағы өзекті ойды құрайтын мәселелерді (детальдарды) қолма-қол тауып, талдауға тиімдірек. Олай дейтініміз, мәтінді оқып, мазмұнымен танысып болғанан кейінгі міндет – шығармадағы кейіпкерлерді бейнелеу, басқа да танымдық жақтарын анықтау. Соның ең негізгісі – шығармадағы ана бейнесін құрастыру. Бұл орайда, алдымен мәтінді мазмұнына жуық әңгімелетіп (мазмұндатып) алған орынды. Өйткені, біріншіден, шығарма көлемі шағын, екіншіден, мәтіннен қажетті үзінділерді (детальдарды) оқушылардың тез тауып алуына септігі мол. Демек, оқушылардың шығарма мазмұнын әбден меңгергеніне көз жеткізгеннен кейін ғана кейіпкердің бейнесін саралауға, талқылауға, дәлірек айтсақ қарастыруға болады. Осы орайда алдымен ананың өмірбаянын әңгімелейтін тұсты таптырып, оқытып, мазмұндату. Мысалы;

«Мен мына қыздың шешесімін. Қызым қазір он бесте. Дәл қызымның жасында өзім де сергелдеңге ұшырап едім. Соның суық ызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ...»

Елім дейтін елім бар дейсің бе: сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты, сол ауылда Сонар дегеннің қызы едім... Қай ел екенін білмеймін, елсізде тұғыр Балаби деген баласын сүндеттетіп той істеп, ат шаптырғанда бас бәйгеге құл бастатқан тоғыз, бас балуанға күң бастатқан тоғыз тігіпті. Бәйгеге өз қызын берсін бе, айнала қыз іздепті...

Әкем арбасын жөндеп, шешем көжесін қайнатып жатыр еді, он шақты салт атты сау ете түсті:

- Жігіттер жол болсын! – деп әкем жолай айтқанда:*
- Жол болмаса болмасын, қыз болсын! – деп, қосқа сүйеніп тұрған мені қағып алды да, шауып кете берді...*
- Ертеңіне шапқан ат, күрескен балуанның қызығы біткесін жабулы нарға мінгізді де, мені бәйгеге беріп жіберді. Күреске түсіп, мені бәйгесіне алған Байсары деген балуан екен, еліне келгесін Күлтеке дейтін байына байлады. Күлтеке бай мені бір құлына атастырды да, екеумізді де сауынға салды. Онда көп жыл тұрдым... Екі жылдан соң Күлтеке қызын ұзатып, той жасағанда екінші аттың бәйгесіне тігіліп, (алғашқы жылы бас бәйгеге тігілген екем), осы өздерің шапқан Сары деген байдың қолына көштім. Маған атастырылған құл бас бәйгеге тігіліп, басқа бір елге кетті. Сары байдың Қайрақ деген жылқышысы бар екен:*
 - Өміріңше босағаңда болайын, -деп байдан сұрап, мені қатындыққа алды.*

- Бірің жылқышы, бірің сауыншы болып жүре тұрыңдар, кейін босатармын, - деп еді Сары бай. Содан бері он бес жыл өтті.

Байым бүгін өліп босанды, өзім осы орталарыңда отырған. Күңдіктің ұзын құрығы сарт етіп қызыма түсе қалғасын, соңдарыңнан қуып келіп тұрмын! Негып қорықпай қуып келдің демендер, он бесімде өзім де тап осы қызымдай едім, сендердің қолдарыңда кетсе, енді он бес жылдан соң қызым да тап қазіргі мендей болмай ма? Мен үшін бұнан артық қорқыныш та жоқ, қорлық та жоқ. Сол мені айдап әкелген: Берсеңдер – тірі алып кетем, бермесеңдер – өлі алып қайтам!..»

Осы үзіндіден ананы бейнелеуге орай оқушылардың жинақтап меңгеретіндері: бас бостандығынан айрылып торға түскен торғайдай болған ана тағдыры мен батылдығы, қажымас қайраты. Ана бейнесін құрайтын да осы қасиеттер. Қолға түскен қызын қайтарып алуға келген әкесін жалбағайдай жұлып алып лақтырып жіберіп, есіріп келе жатқанда, артынан қуып келген анасын шанышып-ақ тастаймыз

Кітаптағы: *«Бейшараның боз көйлегі жырым-жырым. Қолдары қарғаның тұяғындай қап-қара! Ерні қырық тілінген, жырық-жырық. Бірақ түйілген қабағынан, от жанған көзінен жаның шошырлық. Жалынған жоқ, сасқан жоқ, қырық жігітті билеп әкетті»*, - деген жолдарды мұғалім өзі оқып, кішкене ғана, әлжуаз, жұпыны әйелдің қырық жігіті мен Жалпақ батырды жеңуінің себебін табуды мұғалім оқушыларға тапсырады. Мұндай тапсырма кейіпкерді бейнелеуге әрі шығарманың идеялық мәнін ашуға көмектеседі. Демек, оқушылардың білмегі – ананың жарық дүние сыйлаған баласына деген махаббаты, содан туындайтын ана бойындағы күш-қуат, ізгілік, адамгершілік қасиеттер. Бұл да мәтінмен істелетін жұмыстар (жолдар, үзінділер, диалогтарды таптыру) арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ кейіпкерлерді бейнелеуге, шығарманың идеялық мазмұны тартымды болуына қатысты композициялық өрнектер де баршылық. Ол – жазушы шеберлігіне тән әдіс – амалдары. Оны таныту жолдарының бірі – әңгіме (сұрақ-жауап) әдісі. Оқушыларды әңгімеге жетелейтін сұрақ-тапсырмалар оларды ойландыратын, ізденіс қабылеттерін дамыта алатын дәрежеде болғаны абзал. Ол

1. Шығармада оқиға мазмұны кімнің атынан іңгімеленеді? Әңгіменің аңызға құрылуымен қандай байланысы бар?
2. Жалпақ батыр мен жігіттердің сөзден тосылып, жеңілуінің себебі не деп ойлайсындар?
3. Оқиға аяқталарда Жалпақ батырдың есінен танып қалуының себебін мәтіннен мысалдар келтіре дәлелдеп әңгімелеңдер.

Бұл тапсырмалар оқушылардың мәтінмен әстеген алғашқы жұмыстарын жинақтайды.

Келесі кезекте ескеретін мәселе – шығарманың тілі, дәлірек айтсақ афоризмдер. Мысалы:

1. Соның суық ызғары табанымнан, қара таңбасы маңдайымнан әлі кеткен жоқ.
2. Сай сағалап, өзен жағалап жүретін төрт үйлі бір ауыл болыпты.
3. Білектің күшін, найзаның ұшын не күшті теңдеске, не иығы теңдеске жұмсаған жоқсындар.
4. Жағаласқан жау емес, жалбарынған сор емес пе елі?
5. Құлынға қосақтап қызымды әкетіп барасындар.
6. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмайын.
7. Сен көзімнің оқырасын алып, шымылдығын аштың, т.б.

Бұл тіркестердің қандай оқиғаға байланысты, қай мағынада айтылғаны жайында анықтап, дәптерлеріне жаздырады.

Осы орайда мұғалім Ғабит Мүсіреповтің «Ананың арашасы», сондай-ақ «Ер ана» әңгімелерінің қысқаша мазмұнын шолып түсіндірсе өте тиімді болар еді. «Ананың арашасы» әңгімесіндегі Нағима ананың қызыл әскерді жауыз Антоновтың тырнағынан алып қалуы – нағыз ерлік, адамгершілік қасиеттің үлкен үлгісі екенін және «Ер ана» әңгімесіндегі Наталья апайдың баласы үшін оққа кеудесін тосқан өжеттігі мен басын өлімге байлап, қаланы қаптаған неміс әскерлерінің ортасында қалуы мен оның жасаған ерен ерлігі туралы ой қозғаса түсіндіріліп жатқан тақырыптың мазмұны оқушылар жадында ұзақ сақталатыны сөзсіз.

Сабақтың үйге тапсырмасына; Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесіндегі ана бейнесі маған қандай жақсы қасиеттерімен ұнады? деген сұрақ бойынша талқылау жүргізіліп, осы тақырыпта шығарма жұмысын үйде орындап келуін тапсыруға әбден болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әңгіме неге «Ананың анасы» деп аталған? Өздерің қалай атар едіңдер?
2. Шығарма оқиғасын Әйтiлес қарт әңгімесiмен берiлу себебiн қалау түсiндiрер едiндер?
3. Жазушы шеберлiгi (жазу тәсiлi) неде деп ойлайсыңдар (астын сызыңдар). Баяндау, -монолог, әңгімелеу, диалог, суреттеу.
4. Қалай ойлайсыңдар, қырық жiгiт пен Жалпақты тiзе бүктiрген қандай күш, нендей күдiрет?
5. Жалпақ балуан кiм? –Әдiлетсiз қара күш иесi. -Өмiрде адасып жүрген адам. Адамгершiлiгiн, мейiрiмiн ойлаған адам.
6. «Менiң атым – әйел», дейдi Ана. Әңгімеде ананың нақты есiмi берiлмейдi. Себебiн түсiндiрiңдер.
7. Әңгімеден Ана бейнесiн ашатын кестелi, көркем сөздердi, тағы басқа мысалдарды сұрыптап алыңдар да, жазушы шеберлiгiн саралауға талаптаныңдар.

Өз қалауларымен орындау үшін

1. Ғ. Мүсіреповтің «Ана» тақырыбындағы басқа да әңгімелерін тауып оқып, олардың ортақ идеясы ананың балаға, адамзатқа деген ұлы махаббаты екенін негізге ала отырып, қазіргі кезеңмен байланыстыра әңгімелендер.

2. «Ана – сарқылмайтын күш», «Ана – көзді бұлақ» тақырыбына шығарма жазыңдар.

Шығарма құрылысы

Жазушы көркем шығармада бізге адамдар туралы және оларға байланысты оқиғалар туралы әңгімелейді. Соның бәрі белгілі бір жүйеде, бір-бірімен байланысты суреттеледі, яғни оқиғалар бір-бірнен туындап, жалғасып отырады. **Композиция** – әдеби шығармалар құрылысы, оның бөлім – бөлшектерінің қиюласа байланысы.

Мысалы, Ғабит Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесінде оқиға ақ бас, соқыр қарт Әйтілестің: «Оқындар шулап!» деп қойып, іркіт сабасындай іркілдеген молда мен саудагер Рамазанға ертеде өткен оқиғаны жаңғыртып айтатын әңгімесінен басталады. Мұны шығарманың экспозициясы (дайындығы) дейді.

Экспозиция, әдетте, баяндалғалы отырған оқиғаның сипатына қарай беріледі. Мысалы, «Ананың анасы» әңгімесіндегі шәкірттер құлақтарын түріп, тына қала тындайтын Әйтілес ескі күндердің әңгімесін жаңартып, «ескі күндерді тымақтай бұлғап, төңкеріп – төңкеріп» алады.

Әңгімедегі оқиға желісі Жалпақ балуанның Ергенекті елін шабуға аттануынан басталып, әрі қарай қалың жылқыны барымталап айдап келе жатуы, тезек арқалап келе жатқан жас қызды олжалап, аттарына мiңгестіріп алуы сияқты жайттарға ұласады. Осылайша оқиға желісі дамып, бірімен – бірі байланысып жалғаса береді. Көркем шығармада баяндалатын оқиғалардың басталуы және олардың бірімен – бірінің сабақтасып отыруын **байланыс** деп атайды.

Әңгімеде бұдан кейін іздеп келіп қызын арашалай алмаған жылқышының мерт болуы, тағы бір қозы көш жер жүргеннен кейін артынан қуып келген қыз анасының барымташылардың алдын орап алуының өзі әңгімедегі оқиғаларының **шиеленісуі** болады.

Әңгіме аяқталуға айналғанда оқиға өрістей келе мүлде шиеленісе түседі. Мысалы, осы әңгімедегі Ананың Жалпақ балуанға, жігіттерге арнап айтқан сөзіне әйелді жеп қоярдай болып тұрғандар күмілжіп, жауап бере алмай, жерді шұқи береді.

Жалғыз-ақ әумесер Кейкінің үкімі – қызды шешесімен бірге ат жалына өңгеріп, күндікке алып кету. Бұл оқиғаны шарықтатып, шегіне жеткізеді. Мұны шығарманың **шарықтау шегі** дейді.

Бірақ сөзден жеңіліп, ойға шомып, тосылып қалған Жалпақ балуан Ана мен қызына бостандық береді. Бұл – оқиғаның **шешімі**.

Сөйтіп көркем шығармадағы оқиғаның басталуы, олардың байланысы, шарықтау шегі, шешімі шығарманың **арқауы** дейді.

Осыған байланысты оқиғалы шығармаларды **сюжетті шығармалар** деп атайды. Батырлар жыры, ертегілер, әңгімелер, хикаяттар мен романдар сюжетті шығармаларға жатады. Көңіл күйіне байланысты жазылған өлеңдерде көбіне оқиға болмайды. Сондықтан оларды сюжетсіз шығармалар дейді. Бірақ мұндай өлеңдердің де өзіндік құрылысы, яғни композициясы болады.

Жазушы шығарманы қызықты, тартымды ету үшін оның құрылысын – композициясын әр түрлі етіп құрады. Кейде шығарма оқиғасы, тіпті шешімінің өзінен де басталуы мүмкін.

Ғабит Мүсіреповтің бұл әңгісінің аңыз деп айтылуының бір себебі – Әйтiлестiң аңызға айналған адамдардың басынан өткен оқиғаны әңгімелеуі. Тарихи шындыққа лайық салт-дәстүрлерден (күл бастаған, күң бастаған тоғыздар, барымтағ сауға) жайттардан хабарлауы шығармаға аңыздық сипат береді.

Аңыз туралы ұғым-Эпостың көне түрлерінің бірі – аңыз. Бұл да миф секілді әсіре қиял аралас фантастикалық хикая. Бірақ мифтен өзгешелігі – аңыздың негізінде шындыққа жанасымды, көбіне тіпті өмірде болған, халық жадында сақталған оқшау оқиғалар жатады. Әр халықтың тарихындағы әлдебір абзал адамдар, аса көрнекті қайраткерлер хақында да талай аңыздар туған.

Қазақ ауыз әдебиетінде Асан қайғы туралы аңыз. «Бұл – тарихта болған адам. Бірақ тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп еді. Ол жайында ешқандай дәл дерек жоқ». Асан жалпы жұрт үшін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» жайлы қоныс, құтты мекен іздеп жүрген ел қамқоры көрінеді. Аңыз әлі де ескіре қойған жоқ. Кейде ел аузында, кейде жазба түрде тарихта болып өткен белгілі адамдар, не

оқиғалар жайлы толып жатқан тамаша хикаялар әлі күнге әсіреленіп айтылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткерлерінің бірі Ғ. Мүсіреповтің прозалық, шығармалары — әңгімелерін, новеллаларын, повестері мен романдарын талдау қорытындысында бірсыпыра нақтылы тұжырымдарға келеміз.

Ең алдымен Ғ. Мүсірепов прозаның кіші жанрында қалыптасқан шебер суреткер екендігі танылады. Қазақ әңгімесінің, новеллаларының даму тарихында Ғ. Мүсірепов шығармаларының алатын орны зор. Ол қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде көркем әңгіменің негізін қалаушылардың бірі болды. Оның «Қос шалқар», «Алғашқы адымдар», «Талпақ танау» сияқты туындылары идеялық, көркемдік жағынан әлі күнге дейін өзінің маңызын жойған жоқ. Суреткер әңгіме-очерк жанрларын дамытуға өмірінің соңына дейін белсенді ат салысып келді. Бұған оның соңғы жылдарда жазған «Сөз жоқ, соның іздері» (1962), «Өмір жорыры» (1963), «Айгүл қойшының бір күні» (1964) тәрізді тартымды туындылары дәлел.

Әңгімелері мен повестерін талдау арқылы Ғ. Мүсіреповтің бұл жанрлардан қазақ әдебиетінің классикалық үлгілерін жасағанына ккзіміз жетеді. Біздің зерттеу жұмысымыздан шығатын қорытынды пікірдің біреуі осы.

Сонымен қатар Ғ. Мүсіреповтің әңгіме, повестерінің кемшіліктері де көрсетіліп отырылды. Өмір материалын суреттегендегі натурализмге бой алдырушылық, схемаға барушылық, оқиғаларды екшеудің аздығы сияқты жекеленген олқылықтар сыналап көрсетіледі. Қысқасы, Ғ. Мүсірепов

шығармаларының өзгеше ұнамды қасиеттерін де, иі қанбаған, бояуы сіңбеген тұстарын да қамтып талдауға талаптандық.

Ғ. Мүсірепов өзінің «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», «Жат қолында» атты романдары арқылы бүгін қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілеріне жататын шығармалар берді. Үлкен қоғамдық оқиғаларды, қат-қабат сюжетті желілерді қатарластыра тартып, әрі заман шындығын, әрі адам шындығын беруде ұсталық көрсетті. Қазақ халқының арғы-бергі тарихындағы аса елеулі кезеңдерінің көркем шежіресін жасады. Сол арқылы халқымыздың көркем әдебиетінің дамуына зор үлес қосты. Өзінің романдарында Қайырғали, Шеген, Мирошкин, Ушаков, Абдуллаев, Бұланбай, Жабай, Байшегір, Сүгірәлі, Байжан, Кенжеғара сияқты елеулі ұнамды бейнелер жасап, әдебиетіміздегі ұнамды тұлғалар галереясын байытты. Сонымен қатар суреткер көптеген басқа да ірі көркем тұлғалар жасады.

Жазушының творчестволық ерекшеліктерінің бірі - оның үнемі іздену, өсу үстінде болғандығы, ұдайы шеберлік шыңдарандығы, талап, талғамын өсіріп отырғандығы. Мұны оның көптеген шығармаларынан байқауға болады. Өткен ғасырдың 30-жылдарында жазылған бірсыпыра әдгімелері мен повестерінің аяқталмай қалуының өзі де жазушының тек творчестволық қажеттілікпен ғана қолына қалам алуға дағдыланғандығын көрсетті. Идеяны мейлінше анықтап алу, тақырыпты саралау, оқиғаларды барынша екшеу, мыңның ішінен оп-оңай тауып алатын адамдарды ірштеу, қамшының өріміндей жымдасып келген көркем тіл — міне, Ғабеднің кредосы. Кейіпкерлер өмірін

үлкен романтикаға бөлеп бейнелеу де жазушының қалыптасқан суреткерлік мәнері деуге болады. Сондықтан да біз бұл еңбегіміздің барлық тарауларында Ғ. Мүсірепов шығармаларының көркемдегіш құралдарына (тіл, стиль психологизм, портрет, пейзаж, мінездеу т. б.) тоқталып, ойымызды мысалдармен дәлелдеуге тырысып отырдық. Ғ. Мүсіреповтің жұртшылық санына ұшыраған шығармаларын қайта ендеп, жақсы туындылар жасауы да творчестволық адалдықтың, жауапкершілік сезімі күштіліктің белгісі.

Алғашқы жарияланған шығармасы «Тулаған толқындадан» «Оянған өлке», «Жат қолындаға» дейінгі аралықта шеберлігін арттырған, өмір тануын кеңейтіп отырған, кемшіліктерінен дер кезінде қорытынды шығарған, өмірмен байланысын үздіксіз өсірген атақты жазушы Ғ. Мүсіреповтің творчестволық жолы — жас қаламгерлерімізге үлгі. Оның шығармалары оқушыны жақсылыққа, адамгершілікке, отаншылдыққа, халықтар достығына, адамгершілік асыл мұраттарға баулиды.

Ғ. Мүсіреповтің өнерпаздық сапары — реализм принциптерінің қазақ әдебиетінде толық жүзеге асқандығына айғақ. Жазушының гуманистік дүниетанымы, адамгершілік позициясы оның өмір оқиғалары ішінен халыққа ең қажеттілерін талғап алуына көмектескен. Дүниетанымының тереңдігі, халықпен байланыстылық өзге қазақ жазушылары секілді Ғ. Мүсіреповті де ірі көркемдік жинақтаулар жасауға апарған.

Ғ. Мүсіреповтің шығармалары қазақ халқының орасан бай, мазмұнды жан-жақты әдебиетке ие болғандығын көрсетеді. Жаңа

қоғам әдебиетінің әлем таныған шеберлерінің бірі — Ғ. Мүсіреповтің творчестволық тәжірибесі гуманизм идеяларын ұстанған жер жүзі жазушыларына да өнегелік рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.А.Каримов «Жоғары руханият – жеңілмес күш», Ташкент «Маънавият»-2008
2. Қазақ әдебиеті З.Қабдолов, С. Қирабаев, Х.Әдібаев (Алматы 2011- жыл)
3. Ғ. Мүсрепов. Әңгімелер, 1950 ж., 103-бет
4. Ғабит Мүсрепов, «Қазақ солдаты», ҚКӘБ, Алматы, 1950 ж., 80-бет.
5. Ғ. Мүсрепов. «Оянған өлке». ҚКӘБ 1953 ж. 307-бет.
5. Ғ. Мүсрепов. «Ақан сері – Қозы Көрпеш», Алматы, 1948 ж. 81-бет.
6. [www. pedagog. uz](http://www.pedagog.uz)
8. [www. Ziyonet. uz](http://www.Ziyonet.uz)
9. [www. edu. Uz](http://www.edu.Uz)